14 ҚАРАША,
СЕНБІ,
2026 ЖЫЛ
№126 (23 740)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

95 ЖЫЛ

www.ortalyq.kz | www.instagram.com/ortalyq.kz/ | www.facebook.com/ortalyq.kz/ | info@ortalyq.kz

Отандық өндірістің тынысы ашылады
2-бет



Құтыдағы құтты қымыз
4-бет



Ғибратты ғұмырдың шуағы
8-бет



● 15 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ САЛАСЫ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

Теңге тегеурінді болса...

Ел тәуелсіздігін туы мен шекарасы танытса, экономикалық егемендігін төл ақшасы айғақтайды. Отыз үш жыл бұрын қазақтың қолына тиген алғашқы теңге мемлекеттің өз байлығына өзі иелік етіп, өз болашағына өзі баға беретін дербес дәуірінің бастауы еді. Содан бері ұлттық валюта ел экономикасының күретамырына айналды. Талай сыннан өтіп, әлемнің үздік банкноттары қатарынан көрінді, тіпті, қазақтың ою-өрнегін озық технологиямен «тірілтті». Бірақ, теңгенің шын қуаты марапат санымен емес, ел еңбегінің өтеуін, халық табысының құнын сақтай алуымен өлшенетіні анық.



Коллажды жасаған Арайлым Қоктаева

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлем мойындаған айшық

Қазақстан теңгесінің көркемдік бәсекеде бағы жанған кезеңі ел жадында. Халықаралық банкнот қоғамы (International Bank Note Society) оны үш жыл қатарынан «Жыл банкноты» деп таныды. 2011 жылы Тәуелсіздіктің жиырма жылдығына арналған 10 мың теңгелік ақша белгісі үздік шықса, 2012 жылы бұл мәртебе 5 мың теңгелік банкнотқа бұйырды. Ал, 2013 жылы Күлтегін мұрасын арқау еткен мың теңгелік банкнот жеңімпаз атанды. Үш жыл қатарынан озық шығу – кез келген елдің еншісіне тие бермейтін жетістік.

Мұның сыры тек бояудың жарасымында емес. Теңге бетінде ұлттың жады мен мемлекеттің мұраты тоғысты. Күлтегіннің тасқа қашалған таңбасы, тәуелсіздік ескерткіштері, дала өркениетінің өрнегі – бәрі де әлемге Қазақстанның өзіндік болмысын танытты. Қағаз ақшаға түскен бейне сол арқылы тұтас халықтың тарихынан сыр шертті.

Жаңа дәуірде бұл ізденіс жалғасын тапты. 2024 жылы «Сақ стилі» сериясындағы 10 мың теңгелік банкнот High Security Printing халықаралық байқауында «Үздік жаңа банкнот» атанды. Ұлттық банк мәліметінше, онда алғаш рет қолданылған микрооптикалық екі түсті қорғаныш жібі ақшаны қисайтып қарағанда ою-өрнекті қозғалып, лүпілдеп тұрғандай көрсетеді. Сақ қорғандарынан табылған жәдігерлердің бейнесі де банкнотқа ерекше бедер берген. Көненің көзіндей ою мен бүгінгі инженерлік ой осылай бір ақша белгісіне сыйды. Әсемдікпен қатар мұндай қорғаныш жалған ақша жасауды қиындатады.

▶ 2-бет

Құрметті ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібінің жұмыскерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Ауыл шаруашылығы әрқашан экономиканың маңызды салаларының бірі, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі мен әл-ауқатының негізі болып қала береді. Әрбір жиналған егін, өндірілген өнім және қол жеткізген нәтижеде сіздердің адал және жанқиярлыққа толы еңбектеріңіз бар.

Сіздердің жауапкершіліктеріңіз бен кәсібиліктеріңіз, еңбеккорлықтарыңыз бен таңдаған іске деген адалдықтарыңыз зор құрметке лайық. Бүгінде сіздердің күш-жігерлеріңіздің арқасында аграрлық сектор дамып, ел экономикасы нығайып келеді.

Халықты сапалы және сұранысқа ие өнімдермен қамтамасыз етуге, өндірісті дамытуға және жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беретін тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс жасап жүрген әр азаматтың еңбегіне табыс тілейміз.

Кәсіби мерекелеріңізге орай сіздерге зор денсаулық, сарқылмас қуат, тұрақтылық және жаңа кәсіби жетістіктерді тілеймін. Шаңырақтарыңыздан әрқашан бейбітшілік, бақыт, бақ-береке арылмасын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі

● ЕРТЕҢ – АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ТАМАҚ ЖӘНЕ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІ КҮНІ

Қамбаны қазынаға толтырған

Дастарқан төріндегі бір бөлке ыстық нанның бағасы дүкен сөресіндегі қағазда ғана емес, диқанның маңдай терімен, механизатордың табан ақысымен өлшенсе керек. Сол нанның дастарқанға келу тізбегін кері шолып көріңізші. Наубайшының пешінен диірменге, диірменнен қамбаға, қамбадан көктемде тұқым себілген танапқа апарады. Көктемгі ылғалдың әр күніне есеп құрған диқан да, күзде жауынға қалмайық деп комбайн тізгіндеген алтын қолды механизатор да осы бір қастерлі жолдың бойында тұр. Сол іспетті таңғы сауыннан басталатын бір кесе сүттің де өз шежіресі бар. Күнделікті ішіп-жеп жүрген ас-ауқатымызға осылай тереңірек үңілсек, ел экономикасының қамбасын қазынаға толтырып отырған ауыл еңбеккерлерінің өлшеусіз бейнетін бағамдай аламыз.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл саланың ел өміріндегі елеулі орны туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында: «Ауыл шаруашылығы – мемлекет экономикасының қозғаушы күші әрі ұлттық азық-түлік қауіпсіздігінің басты кепілі. Біз агроөнеркәсіп кешенін жоғары технологиялық, бәсекеге қабілетті және табысты салаға айналдыруымыз керек», – деп қадап айтқан болатын. Президенттің осы бір орамды ойы бүгінгі дала еңбеккерлерінің, соның ішінде, Кеншілер өлкесінің шаруаларының қыруар ісінің айқын бағдары іспетті.

Қарағанды десе, алдымен, көмір мен мыстың есебі көз алдымызға келетіні рас. Дегенмен, биыл өндірісті өңірдің диқандары да табиғаттың мінезіне мойымай, 904,5 мың гектардың астығын жинап, қамбаға 750,8 мың тонна алтын дән құйды. Бұл дәннің бір бөлігі ұн болып, елдің ырысына айналса, келесі бөлігі келер көктемге тұқымға сақталады.

▶ 4-бет



Коллажды жасаған Арайлым Қоктаева

БАСПАСӨЗ-2027

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2027 жылға жазылу науқаны басталды. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар, барлығы – бір газетте. «Ortalyq Qazaqstan» – сенімді ақпарат, салмақты сараптама!

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға 15 500 теңге	6 ай	16 109,75	11 162,53
		12 ай	32 219,50	22 325,06
Жеке жазылулар үшін	12 айға 7000 теңге	6 ай	7 529,07	6 912,53
		12 ай	15 058,14	13 825,06

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімделеді. «Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Баламалы жазылым 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	11 500	27 219,50	16 825,05
Жеке жазылулар үшін	5800	12 858,13	11 725,05

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-778-846-00-01, 8-705-902-04-05.
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Каспи QR арқылы жазылуға болады

«Ortalyq Qazaqstan» – әр шаңыраққа!

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●EUR/KZT **492.24** ●USD/KZT **443.62** ●RUB/KZT **5.36** ●CNY/KZT **66.53**

Қазақстан Ұлттық Банкінің 13 қараша, 2026 жылғы дерегі бойынша

• ВИЦЕ-МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Отандық өндірістің тынысы ашылады

Бүгінде отандық өнімнің сауда сөрелеріндегі үлесін арттыру, бағаны тұрақтандыру, электрондық сауданы дамыту және кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау мәселелері аса маңызды. Осы орайда аймаққа жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министрі Әсет Нүсіпов бірқатар кәсіпорынның жұмысымен танысып, облыс тұрғындары және бизнес өкілдерімен кездесті, жоғарыдағы мәселелер кеңінен талқыланды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»





Іссапар барысында вице-министр әуелі «Қарағанды-Нан» корпорациясы серіктестігіне барып, өндіріс барысын көрді. Заманауи технологиялармен жабдықталған кәсіпорын өз өнімдерін ішкі нарықпен қатар, өзге өңірлер мен шетелге де шығарып отыр. Мұнан кейін «Magnum E-commerce Kazakhstan» компаниясының электрондық саудаға бағытталған нысанын аралады. Мұнда онлайн тапсырыстарды жинақтау мен жеткізу жүйесінің ерекшеліктеріне назар аударылды. Сондай-ақ, «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының тұрақтандыру қорына тиесілі көкөніс қоймасында болып, азық-түлік қорын сақтау және нарықты қажетті өнімдермен қамтамасыз ету жұмыстарын зерделеді. Қоймада маусымдық көкөністермен бірге қант, қарақұмық, ұн секілді күнделікті тұтынатын тауарлар сақталады.

Жұмыс сапары облыс әкімдігінде өткен жиынмен жалғасты. Оған жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, кәсіпкерлер мен сала мамандары қатысты. Басқосуда облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асқар Ғазалиев аймақ экономикасындағы шағын және орта бизнеске тоқталды.

Қазір облыста 94,6 мың шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Оның 39 пайызы немесе 37 мыңға жуығы сауда саласына тиесілі. Биылғы бірінші жартыжылдықта аталған секторда 232,9 мың адам еңбек еткен. Бұл – облыстағы жұмыспен қамтылған халықтың 43,4 пайызы. Ал, кәсіпкерліктің жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 19,8 пайызға жеткен.

Жиында вице-министр еліміздегі сауда саласының негізгі көрсеткіштерін де таныстырды. 2025 жылы ішкі сауда айналымы 79,9 трлн теңгеге жетіп, атаулы мәнде 12,5 пайызға өскен. Ал, биылғы тоғыз айда айналым 60,8 трлн теңгені құрап, нақты өсім 6,2 пайызға жетті. Әсіресе, электрондық сауданың қарқыны жоғары. Тоғыз айда оның көлемі 2,5 трлн теңгеге жетіп, бөлшек сауданың 15,1 пайызын құраған.

Дегенмен, сауда көлемінің ұлғаюы отандық өнімнің нарықтағы орнын нығайтумен қатар жүруі тиіс. Осы мақсатта ішкі сауда қағидаларына өзгерістер енгізіліп, дүкен сөрелеріндегі қазақстандық тауарлардың үлесіне қойылатын талаптар күшейтілген. Енді сауда орындарында отандық өнімдердің үлесі кемінде 30 пайыз болуы қажет. Ал, мемлекеттік қолдау алатын кәсіпорындар үшін бұл көрсеткіш 50 пайызға дейін ұлғайтылған.

– Біз отандық өндірушілердің өз өнімдерін сауда желілеріне барынша кеңінен ұсынуына мүдделіміз. Осы мақсатта ішкі сауда қағидаларын жетілдіріп, мемлекеттік қолдау шараларын кеңейтудеміз. Ең бастысы, қазақстандық тауарлар тұтынушыларға қолжетімді болып, дүкен сөрелерінен лайықты орын алуы керек, – деді Әсет Нүсіпов.

Отандық өнімді өткізудің тағы бір мүмкіндігі – «AgroTrade» электрондық сауда алаңы. Платформа ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен сатып алушылардың тікелей байланыс орнатуына, делдалдар санын қысқартып, өткізу нарығын кеңейтуіне бағытталған.

Сауда саласын цифрландыру да назардан тыс қалған жоқ. Биылғы 1 қаңтардан бастап, Ұлттық тауарлар каталогын пайдалану міндетті болды. Қазір жүйеге 33 миллион тауар тіркелген. Мұндай цифрлық тетік тауар айналымының ашықтығын арттырып, өнім есебін біріздендіруге мүмкіндік береді.

Кездесудің ең өзекті тұстарының бірі – азық-түлік бағасын тұрақтандыру мәселесі. Вице-министрдің айтуынша, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесі 19-дан 31 атауға дейін кеңейтілген. Биылғы 4 қарашадағы жағдай бойынша аталған тауарлар бағасының жыл басынан бергі өсімі 1,9 пайызды құраған. Былтыр сәйкес кезеңде бұл көрсеткіш 8,4 пайыз болған.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, біз әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына белгіленген 15 пайыздық сауда үстемесінің сақталуын бақылауды күшейтуге және халықтың әлеуметтік осал топтарын атаулы қолдауға көшу үстіндеміз, – деді вице-министр.

Жиын соңында кәсіпкерлер өздерін толғандырған сауалдарын қойды. Әсіресе, тауарларды таңбалау, Ұлттық тауарлар каталогының жұмысы және техникалық регламенттерге қатысты мәселелер көтерілді. Сонымен қатар, жергілікті кәсіпкерлер кітап саудасын дамыту, кітап дүкендерінің жұмысын заман талабына бейімдеу жөнінде ұсыныс білдірді.

Кездесуді жүргізген облыс әкімінің орынбасары Шыңғыс Сүйінбаев бұл бастаманың маңызын атап өтіп, тиісті қолдау көрсетуге әзір екенін жеткізді. Қажет болған жағдайда кітап саудасы саласының мамандарын жинап, арнайы басқосу өткізу мәселесін де қарастыруды ұсынды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Теңге тегеурінді болса...



Сурет ЖИ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Төл валютаның ғажайып шежіресінде ғарышқа жалғасқан бір соқпақ та бар. Шоқан Уәлиханов бейнеленген коллекциялық монетаны ғарышкер Айдын Айымбетов Халықаралық ғарыш станциясына алып барған. Ұлттық банк дерегіне қарағанда, бұл іске коллекционер Әнуарбек Балахметов ұйытқы болған. Жер жүзін зерттеген ұлы ғалымның бейнесі ғарыш кеңістігіне жетуі – ұрпақтар арасын жалғаған мәнді ишара.

Теңгенің тірегі – қуатты экономика

Әлемдік марапат – мақтаныш. Бірақ сәні келіскен банкноттың сатып алу қабілеті өздігінен арта қоймайды. Сондықтан, теңгенің тұғырын биіктету – ең алдымен ел табысының құнын қорғау, баға тұрақтылығын қамтамасыз ету, өнімді еңбекке өріс ашу. Халықаралық валюта қорының 2026 жылғы маусымдағы бағалауында Қазақстан экономикасының өсуі жалғасқаны, банктердің капиталы мен өтімділігі жеткілікті екені айтылды. Сонымен бірге сарапшылар инфляцияның әлі де жоғары екенін ескертіп, бюджет тәртібін нығайтудың, қаржы саясатын байыппен жүргізудің маңызын атап өтті.

Елдің алтын-валюта қоры сыртқы күйзелістерге қарсы сүйеніш бола алады. Алайда, мол резервтің өзі теңге бағамы ешқашан құбылмайды деген сөз емес. Валютаның орнықтылығына өндірістің қуаты, экспорттың өрісі, импортқа тәуелділік, мемлекеттік шығыстың ұқыптылығы және нарықтағы сенім қатар әсер етеді. Демек, берік теңгенің түп қазығы – берекелі экономика. Шикізатқа ғана иек артпай, өңдеуші өнеркәсіпті дамыту, шағын кәсіпке жол ашу, еңбек өнімділігін көтеру – төл ақшаның ұзақ мерзімді салмағын арттыратын істер.

Төл теңгенің жаңа тынысы

Уақыт өзгерген сайын ақшаның да келбеті жаңарады. Кеше ел қолына алғаш тиген банкнот тәуелсіздіктің сүйінші хабары болса, бүгін цифрлық теңге қаржы айналымына тың мүмкіндік әкеліп отыр. Оның мақсаты – төлемнің жаңа тәсілдерін дамыту, қаражат қозғалысының ашықтығын күшейту және жекелеген операциялардың тиімділігін арттыру. Дегенмен, технологияның өзі түпкі мұрат емес. Оның игілігі халыққа қолайлы қызметтен, қауіпсіз есеп айырысудан және мемлекет қаржысының ұқыпты жұмсалуынан көрінуге тиіс.

Әрине, отыз үш жылда теңге тарихтың талай бұралаңын бастан кешті. Бағам құбылды, заман өзгерді, ақша бетіне жаңа бейнелер түсті. Өзгермегені – оның елдік мәні. Бірде Күлтегіннің көне жазуымен, бірде сақ оюының тылсым өрнегімен дүниені тамсандырған теңге енді өндірісі қуатты, табысы берекелі мемлекеттің айнасына айналуы керек. Ақшаның қасиеті қағазындағы санында ғана емес, сол сандағы артында тұрған адал еңбекте, ұлттық экономиканың қайратында, халықтың сенімінде.

Шежірелі өңірдің шырайы

Шет ауданында инфрақұрылымды жаңғырту, ауылдардың әлеуметтік әлеуетін арттыру және тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Соңғы екі жылда 300-ден астам отбасы баспаналы болса, 21 елдімекенде жаңа медициналық нысандар бой көтерген. Алдағы уақытта Мойынтыда 300 орындық мектеп салынып, ауданның жол және коммуналдық инфрақұрылымы жаңғыртылады. Ақсу-Аюлыда кәріз жүйесінің құрылысы жүргізіліп, шалғай ауылдарды сапалы интернетпен қамту көзделген. Осы және өзге де маңызды мәселелер облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың Шет ауданы тұрғындарымен кездесуінде кеңінен талқыланды.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Аймақ басшысы ауданның әлеуметтік-экономикалық даму барысына тоқталып, атқарылған жұмыстардың нәтижесін саралады. Әсіресе, тұрғын үй құрылысы мен халықты баспанамен қамту бағытында оң өзгерістер бар екенін атап өтті.

– Соңғы екі жылда 300-ден астам отбасы мемлекеттік бағдарламалардың арқасында баспаналы болды. Бұл – облыс аудандары арасындағы жоғары көрсеткіштердің бірі, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Аудан тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі де шешімін тапқан. Ендігі міндет – коммуналдық инфрақұрылымды жетілдіріп, елдімекендердегі тұрмыс сапасын жаңа деңгейге көтеру.

Әлеуметтік нысандар құрылысы да назардан тыс қалған жоқ. Облыс әкімі Мойынтыда бой көтеретін 300 орындық жаңа мектептің құрылысына ерекше тоқталып, жұмыстың сапалы әрі уақытылы жүргізілуін қатаң бақылауда ұстауды тапсырды. Өйткені ауылдағы білім беру инфрақұрылымын жаңғырту – жас ұрпақтың сапалы білім алуына жасалған маңызды қадам.

Ауданның бүгінгі тынысы мен алдағы даму жоспарлары туралы Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаров баяндады. Айтуынша, 2027 жылы ауыл шаруашылығы саласында бес жаңа жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Бұл бастамалар аудан экономикасын әртараптандыруға және ауылдық жерлердегі іскерлік белсенділікті арттыруға бағытталған.

Коммуналдық инфрақұрылымды жаңарту ісінде де нақты нәтижелер бар. Аудан орталығы Ақсу-Аюлыда орталықтандырылған кәріз жүйесінің құрылысы жүргізілуде. Бүгінге дейін 25 шақырым магистральдық желі тартылып, екі тазарту қондырғысы орнатылған. Сондай-ақ, электрмен жабдықтау желісі жүргізілді. Тұрғын үйлерді жаңа жүйеге қосу келесі жылға жоспарланған.

Өңірдің көлік қатынасын жақсарту бағытындағы жұмыстар да кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Теміржол вокзалдарын жаңғырту бағдарламасы аясында Мойынты, Ақадыр, Сәкен Сейфуллин және Дария елдімекендеріндегі нысандарда тиісті жұмыстар атқарылды. Ал, Айса станциясында жолаушылар платформасы жаңартылды.

Ауданның экономикалық келешегі үшін «Мойынты-Қызылжар» теміржол желісінің құрылысы айрықша маңызға ие. Аталған жоба өңірдің көлік-логистикалық әлеуетін арттырып, жүк тасымалының көлемін ұлғайтуға және жаңа экономикалық мүмкіндіктер қалыптастыруға жол ашады.

Ауылдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету де басты назарда. Ақсу-Аюлыдағы өрт сөндіру бөлімі күрделі жөндеуден өтіп, елдімекендерде үш жаңа өрт сөндіру бекеті салынған. Алдағы уақытта осындай тағы екі бекет Мойынты мен Ақшоқыда ашылмақ. Бұл шалғай ауылдардағы төтенше жағдайларға жедел әрекет ету мүмкіндігін кеңейтеді.

Цифрлық инфрақұрылымды дамыту бағытында да ауқымды міндеттер белгіленген. «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында автомобиль жолдарының бойына төрт антенна-діңгек құрылысын салу жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, 26 елдімекен талшықты-оптикалық байланыс желісі арқылы кең жолақты интернетке қосылады. Мұның өзі ауыл тұрғындарының цифрлық қызметтерді пайдалану мүмкіндігін едәуір арттырмақ.

Денсаулық сақтау саласында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, 19 медициналық нысан телемедицина жүйесіне қосылған. Аудандық ауруханаға жаңа медициналық жабдықтар сатып алынып, екі қабатты ғимарат жөндеуден өткізілген. Дәрігерлерді баспанамен қамтамасыз ету мақсатында төрт пәтер жабдықталды.

Ең бастысы, 21 елдімекенде 11 фельдшерлік-акушерлік және 10 медициналық пункт салынды. Бұл ауыл халқының алғашқы медициналық көмекке қолжетімділігін арттырып, шалғайдағы тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Кездесудің екінші бөлігінде тұрғындар өз ауылдарындағы өзекті мәселелерді ортаға салды. Әсіресе, білім беру нысандарының қажеттілігі, автомобиль жолдарының жай-күйі, коммуналдық қызметтердің қолжетімділігі және елдімекендерді абаттандыру мәселелері кеңінен қозғалды.

Ақшоқы мен Босаға ауылдарының тұрғындары жаңа мектеп салу қажеттігін жеткізді. Бұл өтініштер ауылдардағы білім беру инфрақұрылымын дамыту мәселесінің әлі де өзекті екенін көрсетті.

Жол мәселесі де жұртшылықты алаңдатып отыр. Тұрғындар жергілікті маңызы бар жолдармен қатар, «Ақадыр-Мойынты» бағытындағы автомобиль жолының жағдайына назар аудартты.

Ермағанбет Бөлекпаев аталған жолды жөндеу жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілетінін айтты. Сонымен бірге, келесі жылы мердігер ұйым «Мойынты-Ақжал» жолының 80 шақырымдық бөлігін салуға кірісетінін жеткізді.

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ

Кездесуде Ақадырда колледж ашу және саябақты абаттандыру мәселелері де көтерілді. Облыс әкімі келесі оқу жылында техникалық бағыттағы колледж филиалын ашу мүмкіндігін қарастыруды тапсырды. Мұндай бастама ауыл жастарының тұрғылықты жеріне жақын жерде кәсіптік білім алуына мүмкіндік бермек.

Ал Ақсу-Аюлы тұрғындары үшін маңызды мәселелердің бірі – газдандыру. Аудан орталығының тұрғындары көгілдір отынның қашан жеткізілетінін сұрап, бұл бағыттағы жұмыстың басталу мерзіміне қызығушылық танытты.

Кездесуді қорытындылаған Ермағанбет Бөлекпаев тұрғындар тарапынан айтылған барлық өтініш пен ұсыныстың ескерілетінін атап өтті. Көтерілген мәселелердің шешімін табуы тиісті мекемелердің алдағы жұмысына байланысты болмақ.

Жиыннан кейін облыс әкімі азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Осылайша, аудан тұрғындары өздерін толғандырған түйткілдерді өңір басшысына тікелей жеткізіп, ауылдардың алдағы даму бағыттарын талқылауға мүмкіндік алды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ФОРУМ

Әйелдің әлеуетін паш еткенде

Қазіргі күні жолы жіңішке қауымның алдында мүмкіндіктермен қатар, уақыт талабынан туындаған тың міндеттер де тұр. Әйелдің қоғамдағы орнын айқындау, әлеуетін арттыру және өзекті мәселелерін ортаға салу мақсатында Қарағандыда «Әйелдер әлеуеті: заманауи сын-қатерлер мен жаңа мүмкіндіктер» атты облыстық форум өтті.



Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алқалы форумда әйелдердің қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігі, кәсіпкерлік мүмкіндіктері, отбасылық құндылықтар мен заманауи сын-қатерлерді талқыланды.

Бұл форум – «Әйелдер әлеуеті» жобасы аясында атқарылған жұмыстардың қорытынды кезеңі. Жоба Қарағанды облысы әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның қолдауымен басталғаны мәлім. Ал, оның жүзеге асырылуын облыстық ішкі саясат басқармасы үйлестірді.

– «Бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген сөз әйелдің қоғамдағы орнын айқын көрсетеді. Сондықтан, әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтіп, әлеуетін арттыру – маңызды міндет. Бүгінгі форум да өзара тәжірибе алмасып, өңірдің дамуы, жас ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарды сақтау мәселелерін талқылауға мүмкіндік береді, – деді облыстың ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов.

Бұған дейін жоба аясында облыстың ауылдық елдімекендері мен аудандарында әйелдермен бірқатар көшпелі кездесулер ұйымдастырылған. Ашық диалог форматында өткен басқосуларда қазіргі қоғамдағы әйелдің орны, оның отбасы мен ел дамуына қосатын үлесі, кәсіби және қоғамдық өмірдегі мүмкіндіктері сөз болды.

– Біз алты жылдан бері көпбалалы отбасылармен жұмыс істеп, аналардың әлеуметтік және кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтуге атсалысып келеміз. Біздің жұмысымыз тек материалдық қолдаумен шектелмейді. Әйелдердің қоғамдағы орнын нығайтып, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруына, өмірден өз орнын табуына жан-жақты қолдау көрсетуге басымдық береміз. Қорымыз аясында «Бастау Бизнес» мемлекеттік бағдарламасы бойынша әйелдерді кәсіпкерлікке баулимыз. Олардың арасында ұзақ жылдар бойы бала тәрбиесімен үйде отырған, жоғары білімі болғанымен, бірнеше рет декреттік демалысқа шығуына байланысты мамандығы бойынша жұмыс істеу мүмкіндігінен айырылған аналар да бар. Бағдарлама арқылы олар жаңа кәсіп меңгеріп, еңбек нарығына қайта оралуға мүмкіндік алады. Біздің басты мақсатымыздың бірі – көпбалалы әйелдерге қатысты қоғамда қалыптасқан масылдық түсінікті өзгерту. Әйел бір мезгілде әрі ана, әрі кәсіпкер, әрі қоғамның белсенді мүшесі бола алатынын көрсету маңызды, – деді «Асыл ана» қоғамдық қорының жетекшісі Айжан Байдилдина.

Форумның күн тәртібінде әйелдер кәсіпкерлігін дамыту, цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздік, репродуктивті денсаулық, отбасылық тәрбие мен дәстүр сабақтастығы секілді маңызды тақырыптар қамтылды. Сондай-ақ, эмоционалдық күйзелістің алдын алу, жасанды интеллект пен цифрландыру мүмкіндіктерін тиімді пайдалану мәселелері қозғалды. Әсіресе, отбасы институтын нығайту мен бала тәрбиесіне қатысты мәселелерге айрықша назар аударылды. Осы орайда облыс әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі облыстық комиссияның мүшесі Индира Токмурзина «Отбасындағы тәрбие – сапалы ұлт болудың негізі» тақырыбында баяндама жасады. Ол отбасындағы тәрбие, ата-ана жауапкершілігі және ұрпақ тәрбиесінің қоғам болашағымен сабақтастығы жөнінде ой қозғады.

– Қазіргі технология қарқынды дамып, ақпарат ағыны күшейген заманда ұлттық болмысымызды сақтап қалу үшін отбасылық құндылықтардың маңызы зор. Соңғы жылдары әйелдердің әлеуметтік әлеуетін арттыру мәселесі жиі көтеріліп жүр. Алайда, бұл ер азаматтың қоғамдағы рөлін төмендету деген сөз емес. Қоғамда ер мен әйелдің орны өзара үйлесіп, тепе-теңдік сақталуы керек. Өйткені, әрбір жетістікке жеткен адамның артында оны қолдаған, тәрбиелеген, бағыт берген әйел тұрады. Бүгінде тұрмыстық зорлық-зомбылық, нашақорлық, суицид және басқа да әлеуметтік мәселелер қоғамды алаңдатып отыр. Мұндай келеңсіздіктерге көз жұма қарамай, олардың алдын алу үшін отбасындағы тәрбиеге, ата-ананың жауапкершілігіне және қоғамдық ортаның ықпалына ерекше мән беруіміз қажет. Халқымызда «Баланың жақсы болуы – жақсы ата-анадан, жақсы ұстаздан және жақсы құрбыдан» деген тағылымды сөз бар. Демек, ұрпақ тәрбиесі тек отбасының міндеті емес. Оған мектеп пен тұтас қоғам да жауапты, – деді ол.

> **«Бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген сөз әйелдің қоғамдағы орнын айқын көрсетеді. Сондықтан, әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтіп, әлеуетін арттыру – маңызды міндет. Бүгінгі форум да өзара тәжірибе алмасып, өңірдің дамуы, жас ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарды сақтау мәселелерін талқылауға мүмкіндік береді.**

Бұдан бөлек, форумда цифрлық қауіпсіздік мәселесі де назардан тыс қалмады. Қарағанды облысы полиция департаменті Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция майоры Абылай Жұманов интернет-алаяқтықтың кең таралған түрлері мен одан қорғану жолдары туралы ақпарат берді.

– Биылғы жылдың он айында Қазақстан бойынша 17 358 интернет-алаяқтық дерегі тіркелді. Оның 1 354-і Қарағанды облысының аумағында жасалған. Өңір тұрғындарына келтірілген материалдық шығын көлемі 2 миллиард теңгеден асады. Оның 150 миллион теңгесі қайтарылды. Құқық қорғау органдары екінші деңгейлі банктермен, Ұлттық банкпен және прокуратурамен бірлесіп, жедел іс-шаралар жүргізеді. Осындай үйлесімді жұмыстың нәтижесінде алаяқтардың шоттарына түскен қаражаттың бір бөлігін бұғаттап, зардап шеккен азаматтарға қайтаруға мүмкіндік бар. Интернет-алаяқтықтың онға жуық түрі кездеседі. Соның ішінде, жиі таралған тәсілдердің бірі – тауарлар мен қызметтерге алдын ала төлем жасау кезінде жасалатын алаяқтық, – деді Абылай Жұманов.

Жалпы, форум әйелдердің қоғамдағы рөлін кеңінен талқылап қана қоймай, олардың күнделікті өмірде кездесетін мәселелеріне назар аударуға мүмкіндік берді. Кәсіпкерлік, отбасы тәрбиесі, денсаулық, цифрлық қауіпсіздік пен зорлық-зомбылықтың алдын алу секілді өзекті бағыттардың бір алаңда тоғысуы да жиынның маңызын арттырды.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ 2026 | ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ

Тұтынушы мүддесі маңызды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Қазақстан халқына Жолдауында инфляцияны төмендету, халықтың әл-ауқатын арттыру және цифрлық экономиканың құқықтық негіздерін жетілдіру міндеттеріне ерекше назар аударды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің мәліметінше, биылғы тоғыз айда мекемеге 2674 өтініш келіп түскен. Бұл былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 22 пайызға көп. Оның 2276-сы бойынша азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған шаралар қабылданған.

Нәтижесінде тұтынушыларға шамамен 108 миллион теңге қайтарылды. Былтыр бұл көрсеткіш 81,7 миллион теңгені құраған. Демек, қайтарылған қаражат көлемі 32,1 пайызға артқан.

Заң талаптарының сақталуы да бақылауда. Жыл басынан бері кәсіпкерліктің 17 субъектісі әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 480 мың теңге айыппұл салынған. Сондай-ақ, 13 нұсқама шығарылып, бір ескерту берілген.

Әсіресе, интернет сауданың қарқын алуымен тұтынушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру өзекті бола түсті. Тауардың сипаттамаға сәйкес келмеуі, ақшаны қайтарудағы қиындықтар секілді мәселелер азаматтардан сақтықты талап етеді. Сондықтан сатып алушы тауар сапасын, сатушы туралы мәліметті және қайтару шарттарын алдын ала зерделегені жөн.

Зерделі ұлт, зейінді ұрпақ

КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ

Ашық айдында бағыт іздеген кемеге Темірқазық жұлдызы қаншалықты қажет болса, ұлттың рухани бағдарын айқындауда кітаптың орны соншалықты айрықша. Ғасырлар бойы халықтың жады мен танымын жалғаған кітап қашан да ұлттық құндылықтың алтын арқауы болып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазақты әлемдегі ең зерделі ұлттардың қатарына қосу мұраты да осы рухани қазынамен тығыз сабақтас. Алайда, технология қарыштап, жасанды интеллект адам өмірінің сан саласына дендеп енген бүгінгі кезеңде кітап оқу мәдениетін қалай қалыптастырамыз? Оқырман сұранысы мен кітапқа қолжетімділік қаншалықты үйлесіп отыр? Осы сауалдар енді мемлекеттік деңгейде жүйелі шешімін таппақ. Мәдениет және ақпарат министрлігі Президенттің 2026 жылғы 16 мамырдағы №1279 Жарлығын іске асыру мақсатында жасанды интеллект дамыған жағдайда оқу мәдениеті мен кітап ісін ілгерілетуге бағытталған «Оқитын ұлт» тұжырымдамасының 2027-2031 жылдарға арналған жобасын әзірледі. Аталған құжат келелі басқосуда талқыланып, өңірдің зиялы қауым өкілдері өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ғалымжан Өтелбайұлы бастаманың қоғамдық маңызына тоқталды. Кітап оқу мәдениетін орнықтыруды жекелеген мекемелердің міндеті деп қарастыру жеткіліксіз екенін атады.

– Мемлекет басшысы кітап оқу мәдениетін дамытуға, білімді ұрпақ тәрбиелеуге және қоғамның зияткерлік әлеуетін арттыруға ерекше назар аударып келеді. Зерделі ұлт қалыптастырудың түпкі мұраты – ұлт сапасын көтеру, адам капиталын дамыту, қоғамның зияткерлік әрі мәдени әлеуетін арттыру. Сондықтан бұл бағыттағы жұмысты мекемелерде өткізілетін жекелеген іс-шаралармен шектемеуіміз керек, – деді Ғалымжан Өтелбайұлы.

Тұжырымдама алдағы бес жылға арналған оқу және кітап ісі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды. Құжат жеті бағытты, 15 нысаналы индикаторды және 73 іс-шарадан тұратын іс-қимыл жоспарын қамтиды. Жоба ауқымды талдамалық жұмыстың нәтижесінде әзірленді. Онда PISA-2025 зерттеуі, Мәдениет және ақпарат министрлігінің барлық өңірден 20 мың адам қатысқан «Оқитын ұлт» жалпыұлттық онлайн сауалнамасы, Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының 4,8 мың респондентті қамтыған зерттеуі және 3 мың адам қатысқан «Қазақстандық отбасылар» ұлттық баяндамасына арналған зерттеу нәтижелері зерделенді.

Бұған қоса, Корея Республикасы, Жапония, Қытай, Финляндия, Норвегия, Франция, Ұлыбритания, Ирландия, Нидерланд, Сингапур және АҚШ-тың кітап оқу мәдениетін дамытудағы тәжірибесі қарастырылған.

Әйткенмен, тұжырымдаманың қажеттілігін айқындайтын ең маңызды жайт – кітапхана ісінде жасанды интеллект мүмкіндіктерінің әлі де жеткілікті пайдаланылмауы. Әдебиетке қолжетімділікті кеңейтіп, қызмет көрсету сапасын арттыру үшін жаңа технологияларды тиімді игеру қажеттігі туындап отыр.

Екінші мәселе – заманауи әдебиеттің қолжетімділігі. Мәселен, 2025 жылы еліміздегі кітапхана қорларына әр мың тұрғынға шаққанда небәрі 44 жаңа кітап түскен. Ал Халықаралық кітапхана қауымдастықтары мен мекемелері федерациясының ұсынымына сәйкес, бұл көрсеткіш 200-250 дананы құрауы тиіс. Демек, кітап қорын жаңарту қарқыны қажетті деңгейден едәуір төмен. Оның үстіне, мемлекеттік тапсырыспен шығарылатын әлеуметтік маңызы бар әдебиеттер саны да азайған. 2020 жылы 313 атаумен кітап жарық көрсе, 2025 жылы бұл көрсеткіш 119-ға дейін қысқарған.

Бұдан да назар аударарлық жайт – оқырман сұранысы мен ұсынылатын әдебиеттің арасындағы алшақтық. Зерттеу нәтижесіне сүйенсек, белсенді оқырмандардың 77,5 пайызы көбіне қазақ тіліндегі шығармаларды оқиды. Алайда, кітапхана қорындағы қазақ тіліндегі басылымдардың үлесі небәрі 41,7 пайызды құрайды.

Кітапқа қолжетімділік тұрғысынан ауыл мен қаланың жағдайы да біркелкі емес. Еліміздегі 3889 көпшілік кітапхананың 3200-і ауылдық жерлерде орналасқан. Алайда, олардың саны біртіндеп азайып келеді. Көптеген ауылдық кітапханаларда интернетке қолжетімділік шектеулі, ал еңбекақының төмендігі білікті кадр тартуды қиындатады. Кітап саудасының негізінен ірі қалаларда шоғырлануы да шалғайдағы оқырманның мүмкіндігін шектейді.

Жаңа тұжырымдамада осы олқылықтардың орнын толтыруға бағытталған нақты бастамалар қарастырылған. Соның ішінде кітап оқу дағдысын бала жастан қалыптастыруға ерекше басымдық беріліп отыр. Мәселен, ата-аналар мен балаларды кітапқа баулитын «Алғашқы кітап» жобасын іске асыру ұсынылады. Мектептерде күнделікті «15 минут / 15 бет» еркін оқу тәжірибесін кеңейту көзделген. Ал, оқушылардың оқығанын түсіну қабілеті «Абай» оқу олимпиадасы, студенттердің таным деңгейі «Зерек оқырман» зияткерлік байқауы арқылы бағаланбақ.

Кітап оқуды тек мектеп қабырғасымен шектемеу де назарда. Отбасылық оқуды дәріптейтін «Зерделі шаңырақ», еңбек ұжымдарындағы кітап мәдениетін қалыптастыруды көздейтін «Зерделі ұжым», әскери бөлімдерге арналған «Зерделі сарбаз» және «Парасатты полиция қызметкері» жобалары осы мақсатқа қызмет етпек.

Ауылдық кітапханаларды салу, күрделі жөндеу, заманауи құралдармен жабдықтау, мектеп және балалар кітапханаларын жаңарту көзделіп отыр. 2031 жылға қарай кітапхана қорын жыл сайын толықтыру көрсеткішін мың тұрғынға шаққанда 44 данадан 124 данаға дейін арттыру міндеті қойылған.

Оқырманды кітаппен қауыштырудың тың тәсілдері де ұсынылған. Соның бірі – ауылдық кітапханалар мен тұрғындарға кітап жеткізіп, қаламгерлермен кездесулер ұйымдастыратын жазғы «Зерделі Қазақстан» пойызы.

Тұжырымдаманың тағы бір маңызды тұсы – кітапхана ісін цифрландыру. Бірыңғай автоматтандырылған кітапхана-ақпараттық жүйесінің негізінде Ұлттық цифрлық кітапхана платформасын құру көзделген. Мұндай жүйе оқырманның қажетті кітапты іздеуін жеңілдетіп, кітапханалар арасындағы ақпарат алмасуды жетілдіруге мүмкіндік береді. Ал, жасанды интеллект бұл салада тек техникалық көмекші ретінде емес, жаңа мүмкіндіктердің құралы ретінде қарастырылып отыр.

Сонымен қатар, қазақ тіліндегі жасанды интеллект модельдерін дамыту үшін құқықтық мәртебесі айқындалған цифрлық мәтіндер жиынтығы мен ұлттық кітап контентінің корпусы қалыптастырылмақ.

Құжатта қаламгерлер мен баспа саласын қолдау мәселесі де шет қалмаған. Авторларға, аудармашылар мен әдебиетке енді қадам басқан жас қаламгерлерге гранттар бөлу, қазақ тіліндегі сұранысқа ие жанрларды дамыту, отандық авторлардың кітаптарын шығаруға демеушілер тарту қарастырылған.

Тұжырымдаманы іске асыру нәтижесінде 2031 жылға қарай бір жыл ішінде кемінде бір кітап оқыған ересектердің үлесін 8 пайыздық тармаққа арттыру көзделген. Балаларына кітап оқып беретін ересектердің үлесі 12,5 пайыздан 20 пайызға, кітап оқуды ұнататындардың үлесі 43,4 пайыздан 50 пайызға жетуі тиіс.

Сурет ҚарҰЗУ-дың баспасөз қызметінен

• МҰРА

Құтыдағы құтты қымыз

Қасиетті Қарқаралының қымызы қазір ел ауызында. Биыл өткен аймақтық «BaiQymyz» гастрофестивальде-ақ бас жүлде алып, брендке айналып кеткен Ақтерек ауылының қымызы өндіріске өріс ашты.

«Қарқаралы Ақтерек» брендінің авторы Бұрхан Жолтай бастаған кәсіпкерлер кезінде бір биемен басталған шағын шаруашылықтан, қазіргі таңда 30 бие сауылатын өндіріс ошағына айналды.



Назар ӘЛІ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бабадан мұра болған қасиетті қымызды дайындау ісін заманауи үлгіде жолға қою үшін кәсіпорынға 15 миллион теңге көлемінде қаражат жұмсалған.

– Бұған жиырма жылға жуық уақытымды арнадым. Біз маусымдық қана емес, жыл бойы үзіліссіз жұмыс істейтін толық циклді кәсіпорын болуды мақсат етіп отырмыз. Ендігі арманымыз – жеке бренд аясында ғана қалмай, ірі өнеркәсіптік кооператив құру, жылқы санын көбейтіп, ауылдастарымызды жұмыспен қамту. Өкінішке қарай, елімізде қымыз өндірісіне қатысты нақты стандарттар мен заңнамалық база әлі де кемшін. Бұл олқылықтың орнын толтырып, салаға мемлекеттік субсидиялар бөлінуі үшін өз ұсынысымызды беріп жатырмыз. Басты мақсат – қазақтың қасиетті қымызын әлемдік брендке айналдыру, – дейді жоба иесі.

Өндіріс үдерісіндегі ең басты жаңалық – дәстүрлі ағаш күбілердің орнына қажетті температураны бірқалыпты ұстап тұратын, тотықпайтын арнайы металдан жасалған 400 литрлік үлкен бөшкенің орнатылуы. Цех жұмысы толықтай автоматтандырылған, яғни, алып сорғылар арқылы қымыз төменнен сорылып, жоғарыдан үздіксіз сапырылып тұрады.

Арнайы CIP аппараты өзінөзі автоматты түрде жуып-шаятындықтан бүкіл цехтың жұмысын дөңгелетуге бар-жоғы екі адам ғана қатысады. Дайын өнімді құю үдерісі де барынша оңтайландырылған: арнайы құрылғы қымызды бір уақытта 6 бөтелкеге құйып, сыртына жапсырмасы мен шығарылған күнін автоматты түрде басып шығарады. Ұлттық сусын 250, 330 және 500 мл заманауи пластик бөтелкелерге құйылып, қазіргі энергетикалық сусындар форматындағы тартымды қаптамамен дүкен сөрелеріне жол тартып жатыр. Қазіргі кезде цех күніне 100 литр қымыз өндіріп отырса, алдағы уақытта бұл көрсеткішті тәулігіне 400 литрге дейін жеткізу жоспарланған.

Бренд иесі гастрофестивальде қымыздың төрт түрлі нұсқасын ұсынғаны ел есінде болса керек: «Хан қымыз», «Сұлтан қымыз», «Құлын қымыз» бен «Бесті қымыз». Әрқайсының дайындалу әдісі де, дәмдік ерекшелігі де бір-біріне ұқсамайды. Мәселен, «Хан қымызға» ту биенің қазысы қосылады, бұл – дәмі қанық, нәрі мол, қуат беретін қымыз түрі. Ал, «Сұлтан қымыз» қойдың құйрық майымен бапталады. «Құлын қымыз» күнделікті ішуге лайық, жеңіл әрі жұмсақ дәмімен ерекшеленсе, тобылғымен ысталып, қаймақпен бапталған қою қымызды да жұртшылық ерекше сүйсініп ішеді. Мұнда дәстүрлі ыстаудың орнына қаймақты ғана ыстап қосу технологиясы қолданылады, сондай-ақ, мүлдем ысталмаған таза түрлері де бар.

Осы орайда Бұрханның өмірлік серігі әрі кәсіптегі оң қолы Бекзада Батырбекова ұлттық сусынды баптаудың өзіндік сырымен бөлісіп, өндірістің қыр-сырына тоқталды. Оның айтуынша, өндіріс қанша жерден автоматтандырылғанымен, қымыздың бабы дәстүрді талап етеді.

– Қымыз баптау – үлкен жауапкершілік пен ерекше мейірімді қажет ететін өнер. Жаңа аппараттар жұмысымызды жеңілдеткенімен, сусынның дәмі мен қасиеті ең алдымен ашытқыға, әр сауынның ерекшелігіне байланысты. Біз қаймақты тобылғымен ыстаудың көне әдісін заманауи температуралық режіммен ұштастыра білдік, – дейді Бекзада.

Осынау қажырлы еңбектің, ерекше технологияның арқасында гастрофестиваль қорытындысында бас жүлде – 5 миллион теңге дәл осы жаңа цехты ашып отырған Ақтеректегі «Мұхамед-Әли» жеке кәсіпкерлігіне, яғни, Бұрханның жобасына бұйырған-ды.

Тамақ өнеркәсібіндегі ең басты талап – қауіпсіздік болғандықтан, кәсіпорында сапа мәселесі жіті бақылауға алынған. Биылдың өзінде өнім сапасы 4-5 рет тексеріліп, оның ішінде Президенттік зертханада үш мәрте сараптамадан өтіп, тазалығы мен сапасы толығымен расталды. Ветеринарлық қызмет әр айдың 20-сы күні тұрақты түрде тексеріс жүргізіп отырады. Аудандық ветеринарлық зертхананы кеңейтіп, бактериологиялық бағытты қайта іске қосу жұмысы да қарқынды жүріп жатыр. Шикізат қорын ұлғайтып, биелердің сүттілігін арттыру үшін Қарқаралыдағы 300 гектар суармалы жерге ақуызға бай жоңышқа егіліп, жергілікті шаруашылықтармен бірлескен жемшөп дайындау ісі бір жүйеге қойылған.

Дайын өнім қатаң логистикалық талаптарды сақтай отырып, Қарағанды, Астана және Қарқаралы қалаларындағы сауда нүктелеріне жөнелтіледі. Кәсіпорын өнімді келешекте Қырғызстан мен Ресейге экспорттауды жоспарлап отыр. Сонымен бірге, қымызды сублимациялау, яғни, арнайы технологиямен ұнтаққа айналдыру арқылы алыс шетелге шығарудың ауқымды жобасы да қарастырылған.

Әзірге мемлекет тарапынан қымыз өндірісіне берілетін субсидия көлемі аздық ететіндіктен кәсіпорынға қосымша қаржылық қолдау ауадай қажет болып тұр.

Кәсіпкердің алдағы жоспарлары мұнымен шектелмейді. Келешекте саумал және қымызбен емдейтін заманауи шипажай салып, өңірдегі экотуризмді дамытуды көздеп отыр.

Өндіріс орнының тағы бір мақтанышы – олардың табиғи өнімдерінің «Cheese Open» ұлттық байқауында жүлделі екінші орынды қанжығалауы. Ата дәстүрді ардақтап, ұлттық сусынымызды әлемдік стандартпен өндіріп жатқан осындай еңбек адамдары барда, Сарыарқаның сары қымызы барша әлем танитын танымал брендке айналатынына сенім мол.

Қарқаралы ауданы

Сурет автордан

Қамбаны қазынаға толтырған

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ауылдағы ағайынның тынымсыз тірлігінің арқасында жылдың тоғыз айында облыстың ауыл, орман және балық шаруашылығындағы өнім көлемі 381,3 млрд теңгеге жетіп, өткен жылғы көрсеткіштен асып түсті.

– Жалпы, шаруа қожалықтары мен диқандардың еңбегі ерекше, олардың маңдай тері кез келген мақтауға тұрарлық. Биылғы көктемнің ылғалы мен күздің жауынына қарамастан, ауыл адамдары уақытпен санаспай тер төкті. Егін орағының маусымдық науқанын уақытылы әрі ысырапсыз өткізу – тек техниканың күші ғана емес, адамның қажыр-қайраты мен төзімінің жемісі. Мемлекет тарапынан да айтарлықтай қолдау көрсетіліп, шаруаларға күзгі дала жұмыстарына арнап 19,3 мың тонна жеңілдетілген дизель отыны уақытылы жеткізілді. Биыл 465 шаруашылық 22,2 млрд теңгеге 1 123 жаңа техника сатып алып, паркін жаңартты, өйткені, бір комбайн іркіліссіз жұмыс істесе, тұтас алқаптың несібесі шашылмайды. Осындай тынымсыз еңбектің, бірлескен күш-жігердің арқасында қамбамыз астыққа толды, – дейді облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов.

Шынында да, егіншінің шығыны алқапқа трактор шыққан алғашқы күннен басталады. Бұл ретте «Кең дала» және «Кең дала – 2» бағдарламаларымен 272 шаруашылыққа берілген 15,9 млрд теңге қаражат көктемгі дән себуге де, күзгі жиын-терінге де үлкен демеу болды. Соның нәтижесінде биыл өңірде 321 мың тонна картоп пен 34,2 мың тонна көкөніс жиналды. Әсіресе, Нұра, Бұқар жырау, Шет аудандарының диқандары гектарынан 285-325 центнерден мол өнім алып, көш бастады. Мұнша байлықты сақтап қалу үшін облыста қазір сыйымдылығы 357,8 мың тонна болатын 143 қойма жұмыс істеп тұр. Жыл соңына дейін «Шахтерское», «Евразия Инвест LTD» және «Баймырза Агро 2018» серіктестіктерінің іске қосар жаңа жобаларының арқасында бұл көлем тағы 30 мың тоннаға артпақ.

Сырым Бошпанов саланың даму көкжиегі тек өнім өндірумен шектелмейтінін де атап өтті.

– Біздің қазіргі басты мақсатымыз – тек шикізат өндірумен шектеліп қалмай, қайта өңдеу өнеркәсібін барынша дамыту. Майлы дақылдар мен картопты, ет пен сүтті терең өңдеу арқылы шаруалардың өнімін тұрақты өткізуіне толық жағдай жасауымыз керек. Ауылдағы ағайын өндірген шикізат зауытқа кедергісіз жетіп, дүкен сөресіне сапалы отандық тауар болып шыққанда ғана саланың толыққанды нәтижесін көреміз. Жақында іске қосылған ірі ет комбинаттары мен жаңа сүт-тауарлы фермалары осы кешенді жұмыстың нақты көрінісі деп білемін. Бұл – тек құрғақ экономикалық көрсеткіш емес, ең алдымен, ауылдағы ағайынның тұрақты жұмысы, отбасының амандығы мен елдің ырысы, – деді ол.

Айтса айтқандай, Абай ауданында сәуір айында іске қосылған «Alisha Group» кешені жылына 2 400 тонна өнім өндіріп, етті салқындатып, мұздатып, вакуумға қаптап шығаруға кірісті. Облыста тоғыз айда ет өндірісі 3,9 пайызға, сүт 5,5 пайызға артқаны – осындай жүйелі жұмыстың айғағы. Осакаров ауданында 1 200 сауын сиырға есептелген жаңа ферма, Нұрадағы «Рамадан» шаруашылығы, сүтті 22 қабылдау пункті арқылы жинайтын «Нәтиже» фабрикасы – бәрі де бір тізбектегі ортақ істің бөлшектері.

Тіпті, ауыл еңбеккерлерінің маңдай терімен келген өнімдер ел шекарасынан да асып жатыр. Бие сүтінен алынған «SAUMAL» мен түйе сүтінен дайындалған «SAUBOTA» өнімдері Қытай нарығын бағындырса, бекіре өсіретін шаруашылық өнімі көрші Ресейге жөнелтілуде.

Қазірдің өзінде қамбасын толтырған диқан келер көктемнің қамын жеп, 89,9 мың тонна дәнді дақыл мен 32,9 мың тонна картоп тұқымын дайындап қойды. Механизатор техникасын сайлап, малшы қыстаудағы жемшөбін түгендеп жатыр. Дала өмірінің бір сәтке де толастамайтын осы бір ұлы көші тоқтаған емес.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Қарағанды облысының диқандары биыл 904,5 мың гектар алқаптан 750,8 мың тонна астық бастырды. Жаздағы аптап ыстыққа қарамастан, күзгі жиын-терін толық аяқталды.

♦◊♦ ♦◊♦ ♦◊♦

Биыл өңір шаруалары 12,1 мың гектардан 321 мың тонна картоп жинады. Сонымен қатар, 34,2 мың тонна көкөніс пен 73,9 мың тонна майлы дақыл қамбаға құйылды.

♦◊♦ ♦◊♦ ♦◊♦

Картоп өнімі жөнінен Нұра ауданы көш бастады. Мұнда әр гектардан 325 центнер өнім алынса, Бұқар жырау ауданында – 295, Шет ауданында 285 центнерден жиналды.

♦◊♦ ♦◊♦ ♦◊♦

Облыста майлы дақылдардың егіс көлемі төрт есеге кеңейіп, 114 мың гектардан асты. Бұл – өңірде егіншілікті әртараптандыру бағытындағы елеулі өзгерістердің бірі.

♦◊♦ ♦◊♦ ♦◊♦

Осакаров ауданында «Евразия Инвест LTD» серіктестігінің ірі сүт-тауар фермасының алғашқы кезеңі іске қосылды. Құны 30 млрд теңгеден асатын кешен толық қуатына шыққанда жылына 70 мың тоннадан астам сүт өндіруге есептелген.

♦◊♦ ♦◊♦ ♦◊♦

Нұра ауданының Көбетей ауылындағы «Рамадан» фермасы тәулігіне 28 мың литрден астам сүт өндіреді. Шаруашылықта 1100 бас голштин тұқымды ірі қара өсіріліп, сауу және мал күту жұмыстары автоматтандырылған.

♦◊♦ ♦◊♦ ♦◊♦

Бұқар жырау ауданындағы «Ақнар-ПФ» серіктестігінің жаңа құсханасы іске қосылды. Бір мезетте 20 мың құс ұстауға арналған нысан жылына қосымша 250-280 тонна құс етін өндіруге мүмкіндік береді.

♦◊♦ ♦◊♦ ♦◊♦

Биыл қаржы институттарының қолдауымен облыстың 465 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушісі 22,2 млрд теңгеге 1123 техника сатып алған. Бұл – аграрлық саланы техникалық жаңғыртуға бағытталған қолдаудың нақты нәтижесі.

• РИЗЫҚ

Өлкенің өрісін кеңейткендер

Таңның атысы мен күннің батысына дейін дала төсінде тынным таппайтын шаруалардың еселі еңбегі ел ырысын еселеп келеді. Абай ауданына қарасты Ақбастау ауылдық округіндегі төрт шаруашылықтың бүгінгі тыныс-тіршілігі көпке үлгі боларлық. Әр қожалықтың бағыты сан түрлі болғанымен, мақсаты бір – туған жерді түлетіп, халықты таза әрі сапалы өніммен қамту.



Коллажды жасаған Шынар Адамбекова

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауылдың мал шаруашылығын өркендетуде Қанат Баедилов жетекшілік ететін «Шопан ата» қожалығының орны бөлек. Мұнда биылғы есеп бойынша атақты еділбай тұқымды 2 114 қой мен 101 жылқы бағылуда. Төрт түліктің күйлі болуы өріс пен қыстық азыққа тікелей байланысты екенін жақсы түсінетін шаруашылық иелігіндегі 957 гектар жердің 837 гектарын жайылымға, ал, 62 гектарын шабындыққа тиімді пайдаланып отыр. Жазғы жайылымның жөні бір бөлек, ал, қыс қаһарына мінбей тұрып шөп қорын сайлап алу – нағыз шаруаның ісі. Осы мақсатта қожалық лизинг арқылы үш МТЗ тракторын, бір және екі брусты шөп шапқыштар мен өзге де заманауи техникаларды сатып алып, күшін еселей түскен. Бұдан бөлек, шаруашылық ауылдың қоғамдық өміріне де белсене араласып, көмекке мұқтаж отбасыларға тұрақты түрде қолұшын созып келеді.

Ал, 2020 жылы іргесі қаланған «Союз» шаруа қожалығы егін мен мал шаруашылығын тең ұстап, қос саланың тізгінін қатар алып жүр. Алексей Сергеевич басқаратын бұл ұжым биыл 120 гектар алқапқа арпа, 40 гектарға сұлы және тағы 40 гектар жерге көпжылдық шөп еккен. Агротехникалық талаптарды сақтаудың арқасында дәнді дақылдардың әр гектарынан 10 центнерден өнім жиналды. Арпа мен сұлы – малдың қыстық жемі болса, көпжылдық шөптің пайдасы алдағы бірнеше маусым бойы үзілмейді. Техникалық паркін жаңартуды да ұмытпаған қожалық егіс пен мал күтіміне аса қажет тиегіш, трактор және басқа да ауыл шаруашылығы машиналарын лизингке рәсімдеген. Сонымен қатар, 2024 жылы етті бағыттағы герефорд тұқымды 63 ірі қара сатып алған «Союз» бүгінде мал басын 189 ірі қара мен 5 жылқыға жеткізіп отыр. Қожалықтың 1 026 гектар жерінің 891 гектары жайылымға тиесілі. Шаруашылық басшысы ауыл тұрғындарына демеушілік танытып, игі істердің басы-қасынан табылуды дағдыға айналдырған.

Түйіндей айтқанда, бұл шаруашылықтың әрқайсысы Ақбастаудың әлеуметтік-экономикалық дамуына өзіндік үлес қосуда. Бірі мал азығын молайтса, бірі елді ет-сүтпен қамтып, қайырымдылық істерімен көпке үлгі болып жүр.

– Осындай іскер, бастамашыл және еңбекқор азаматтардың арқасында ауыл шаруашылығының дәстүрі сақталып, ауылдың одан әрі дамуына жағдай жасалуда. Туған жердің өркендеуі мен ауылдық округтің әл-ауқаты – ортақ еңбек пен бірліктің нәтижесі, – дейді Ақбастау ауылдық округінің әкімі Рымбек Тұяқбаев.

Расында да, қыстық шөбін мезгілінде жинап, техникасын сайлап, өсірген малын баптап отырған осындай еңбек адамдарының арқасында ауылдың түтіні түзу ұшып, елдің берекесі арта бермек.

Абай ауданы

• АЛТЫН ДӘН

«Кең далаға бауыр басып кеткенбіз!»

Қара жердің қадірін біліп, маңдай терімен даланың дидарын нұрландырған еңбек адамдары – ел ырысының алтын діңгегі. Солардың бірегейі – ата кәсіпке адалдық танытып, «Шахтерское» ЖШС-да бір бригадада иық тіресе еңбек етіп жүрген ағайынды Ескеновтер.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ескеновтер әулетінің тамыры Нұра ауданына қарасты Көбетей ауылынан бастау алады. Отағасы, 1934 жылы туған Жұмабек Ескенұлы мен 1939 жылы дүниеге келген анамыз Алма Сыданқызы он бір перзент – алты қыз бен бес ұл тәрбиелеп өсірген өнегелі де үлкен отбасы. Әкесі Жұмабек ақсақал Көбетей ауылында 42 жыл бойы К-700 тракторының тізгінін ұстаған ауыл шаруашылығының майталманы, кеудесіне «Еңбек ардагері» орденін таққан азамат. Әкенің қанымен, ананың сүтімен дарыған еңбекқорлық қасиет ұлдарына да берілді. Барлық ұлдары әке жолын қуып, механизатор мамандығын меңгеріп шықты. Ағалы-інілі механизаторларды бала күнінен әкелері баулыған.

Әулеттің кенжесі Нариман Ескенов 1981 жылы Көбетей ауылында дүниеге келген. Мектепті 1998 жылы бітіріп, 1999 жылы өз ауылында К-700 тракторына отырып, еңбек жолын бастайды. Нариман 2004 жылы Шахтер ауылына көшіп келіп, осы серіктестікке жұмысқа орналасады. Біліктілігін үнемі шыңдап, ол «Buhler», «Claas», «Claas Xerion» сияқты кешендер мен комбайндарды, ал, қазіргі уақытта «John Deere» комбайнын тізгіндеп жүр.

– Біз техниканың барлық қыр-сырын бала күнімізден әкеміздің жанында жүріп меңгердік. Ол кісі алып трактордың рөлін бізге еш тартынбай сеніп тапсырып, өзі жанымызда қырағы бақылап отыратын. «Қалай жүргізгілерің келеді, солай байқап көріңдер, техниканың тілін тек өздерің басқарып қана түсінесіңдер» деп бізге еркіндік беретін. Әкенің осынау сенімін ақтау үшін біз де темір тұлпарды тезірек игеруге барынша тырмысып, талпынатынбыз. Дәл осы әкелік мектеп бізді жастайымыздан еңбекке баулып, мамандығымызға деген сүйіспеншілігімізді оятты, – дейді Нариман Ескенов.



Нариманның соңынан оған еріп, ағалары да Шахтер ауылына қоныс аударды. Жасұлан үлкені болса, одан кейін Қуаныш, сосын кенжесі Нариман үшеуі қазір бір бригадада жұмыс істейді. Ағайындылар еңбек жолын отандық К-700 техникасынан бастағанымен, бүгінде түгелдей шетелдік заманауи техникаларды толықтай меңгерген.

– Біз қашанда жұбымызды жазбай, бір-бірімізге сүйеу болып бірге жүреміз. Бір алқапта қатар еңбек етіп жүрсек те, «қай тұста, шеткері жақта жүрген жоқ па екен?» деп бір-бірімізге үнемі алаңдап отырамыз, ал, техникадан ақау шыға қалса, дереу көмекке ұмтыламыз. Біз осы кең даланың тыныс-тіршілігіне әбден бауыр басып кеткенбіз. Сондықтан да, жеңіл-желпі жұмыстың реті келмейді, бар күш-жігерімізді осы жерге арнауға дағдыланғанбыз, – дейді Қуаныш Ескенов.

Ағайындылардың осы ұжымда табан аудармай еңбек етіп жүргендеріне жиырма жылға жуық уақыт болды. Дала жұмыстары аяқталып, қыс түскен шақта да олар қол қусырып қарап отырмайды. Мәселен, Нариман ауылдың орталық қазандығында қызметін жалғастырса, Қуаныш пен Жасұлан шаруашылықтың өзге де күнделікті шаруаларына қолғабыс етіп, көктемгі науқанға дейін техниканы жөндеумен айналысады.

Іргелі шаруашылықтың тасы өрге домалап, шалқып отыруына Ескеновтер сынды маңдай терімен ел ырысын еселеп жүрген қарапайым шаруа адамдарының қосар үлесі зор.

Нұра ауданы

Суреттер кейіпкерлердің жеке мұрағатынан

• ЖЕР-АНАНЫҢ МЕЙІРІ

Ел ырысын еселеп...

Дала төсінде жылдың төрт мезгілінде тыным таппай еңбек етіп, атырапты астыққа, қамбаны дәнге толтырған диқандар қауымына қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Өйткені, күнделікті тұтынар ырысымыз, дастарқанымыздың тоқтығы мен еліміздің экономикалық қуаты тікелей осы ауа райының тосын мінезіне мойымайтын, тәуекелі мығым шаруалардың маңдай терімен өлшенсе керек. Бұқар жырау ауданы Жаңаталап ауылындағы «Нұр-Әділ» шаруа қожалығының қажырлы тірлігі мен жүріп өткен жолы көпке үлгі.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қожалықтың іргетасын қалап, оны аймақтағы маңдайалды кәсіпорын деңгейіне көтерген азамат – «Құрмет» орденінің иегері, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» Еркін Ахметов. 1960 жылы Тельман ауданындағы Ақтөбе ауылында жүргізуші мен сауыншының отбасында дүниеге келген ол жастайынан еңбекке пісіп жетілді.

2000 жылы іргесі қаланған «Нұр-Әділ» шаруа қожалығы бастапқыда 700 гектар жерді ғана игерсе, қазіргі таңда бұл көрсеткіш 3 365 гектарға жеткен. Кәсіпкер 2013 жылы жұмысы тұралап қалған «Дарас ЛТД» серіктестігін сатып алып, оның да егістік алқаптарын жандандырып жіберді. Бүгінде дала төсінде «John Deere», «Вектор-410», «Беларус» сынды қуатты комбайндар мен тракторлар тоқтаусыз жұмыс істеп тұр. Науқандық жұмыстарға тек заманауи технологиялармен кірісуді әдетке айналдырған шаруашылық ауданда бірінші болып «Фрегат» жаңбырлатып суару жүйесін іске қосты. Жер-Ананың тілін тапқан диқан биылғы күзде де қамбаны дәнге толтырды. Бидай мен арпаның әр гектарынан 8-10 центнер, ал, картоптан 250-280 центнер өнім алынды. Сәбіз бен қырыққабаттың өнімділігі тіпті, гектарына 300 центнерге дейін жеткен.

– Қожалықта жиырмадан астам адам тұрақты жұмыс істейді. Дегенмен, бұл шаруашылық – шын мәнінде, тұтас бір әулеттің ортақ ісі, табанды еңбектің үлкен мектебі дер едім. Даладағы ондаған техниканың тілін бауырым Ержан тапса, ұлым Құрмет суармалы қондырғылардың жұмысы мен егінге жауапты. Ал, кәсіпорынның басқару және коммерциялық бағытын тағы бір ұлым Нұрлан қолға алған. Нияз есімді ұлым болса, құм өндіретін карьердің жұмысын дөңгелетіп отыр.

Одан бөлек, қазіргі таңда шаруашылық басында көршілес Өзбекстан мен Қырғызстаннан келген жұмысшылар үшін арнайы вахталық кешен салып жатырмыз, – дейді Еркін Ахметов.

Кәсіптің көзін тапқан азамат әлеуметтік жауапкершілікті де ешқашан естен шығарған емес. Жаңаталап, Ақтөбе, Қаражар, Ростовка ауылдарындағы мектептерге, денсаулық сақтау мекемелеріне, аз қамтылған отбасыларға қаржылай, техникалық және жемшөппен көмектесу – шаруашылықтың бұлжымас дәстүрі. Қазақтың көне «Ұшыр» дәстүрін жаңғыртып, алғашқы өнімнен ауылдастарға үлес шығаруы – оның мәрттігінің бір парасы ғана.

Бүгінгі таңда қожалық алдында үлкен мақсаттар тұр. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы суармалы жер көлемін қазіргі 350 гектардан 2000 гектарға дейін ұлғайту жоспары әзірленіп, қаржыландыру кезеңін күтіп отыр.

Бұқар жырау ауданы

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

• АС АТАСЫ

Қазақтың қазаны ортаймайды

Ауылдың еңсесін тіктеп, тұрмысын түзейтін істің үлкен-кішісі жоқ. Ең бастысы – пейіл мен еңбек. Күнделікті дастарқанның сәні мен нәріне айналған қастерлі нанды өз ауылында пісіріп, көрші-қолаңды жұмыспен қамтып отырған шағын кәсіптің өзі тұтас бір елдімекеннің тіршілігіне қан жүгіртіп, едәуір демеу болары сөзсіз. Қарқаралы ауданының Теректі ауылында тұратын Асқар Хасенов пен Толғанай Уәлибекова – дәл осы жасампаздықты өз еңбегімен дәлелдеген қарапайым да еңбекқор жандар. Ерлі-зайыптының шағын ғана азық-түлік дүкенінен басталған табанды тіршілігі бүгінде толыққанды жұмыс істеп тұрған заманауи наубайханаға ұласып, ауыл тұрғындарын күн сайын жаңа піскен ыстық нанмен, сан түрлі дәмді тағаммен қамтамасыз етіп отыр.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сыртқа телмірмеудің сыры

Теректіде нан пісіру ісін қолға алуға жалаң пайда табу емес, ауылдағы күнделікті тұрмыстық қажеттілік түрткі болған. Бұған дейін ауыл тұрғындары іргеде орналасқан кен-байыту кәсіпорнының асханасында пісірілген нанды алып келген еді. Асқар мен Толғанай да алғашында өз дүкеніне нанды сол жерден алып, халыққа ұсынып жүрді. Алайда, уақыт өте келе, бұл мүмкіндік тоқтап, күнделікті ас атасын қала мен аудан орталығынан тасуға тура келеді.

Сырттан тасымалданған нанның машақаты аз емес. Ол ауылдың сұранысын үнемі, әрі уақытылы өтей бермейді.

– Дайын өнімді әкеліп, сауда жасаумен ғана шектелмей, неге өзіміз өнім өндіріп көрмеске деген ой келді. Кәсіпкерліктің нағыз қызығы мен қиындығы да, шынайы берекесі де осында ғой. Нанды жүз шақырымнан сырттан тасымалдап, жол тосқанша, ауылды өзіміз қамтамасыз етуді басты мұрат тұттық, – дейді Асқар Хасенов.

Алғашында дүкенде сырттан әкелінген қырық шақты ғана бөлке нан сатылатын. Наубайхана толық қуатында іске қосылған соң, жаңа піскен нанға деген сұраныс күрт артып, өнім көлемін еселеп ұлғайтуға тура келеді. Бүгінде бұл шағын цехта күніне 84 бөлке нан пісіріледі. Дүкен иелерінің сөзінше, жұмсақ әрі дәмді нан сөреде кідірмей, лезде өтіп кетеді.

Мемлекет қолдауы – мақсатқа баспалдақ

Нан пісіретін алып пештен бастап, қамыр илейтін машинаға, тоңазытқыштарға дейінгі дүниенің бәрі қомақты қаражатқа тірелетіні кәдік. Ерлі-зайыпты кәсіпкерлер дәл осы тұста мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау – «Ауыл аманаты» бағдарламасының мүмкіндігін пайдаланды.

«Ауыл аманаты» бағдарламасымен алған 9,8 миллион теңгеге наубайханамызды соңғы үлгідегі техникамен толық жабдықтап алдық, – дейді Толғанай.

Жылдық мөлшерлемесі 2,5 пайыз болатын, ауыл тұрғындары үшін өте тиімді бұл жеңілдетілген несиеге өндірістік нан пісіретін пеш, көлемі қырық және бес литрлік қамыр илейтін екі қуатты машина, сыйымдылығы ауқымды тоңазытқыш, жұмыс үстелдері мен нан қоятын арнайы сөрелер сатып алынған. Сонымен қатар, жартылай дайын өнім әзірлеуді де жоспарлағандықтан, кәсіби ет тартқыш пен тауардың сақталу мерзімін ұзартатын вакуумдап орау құрылғысы да алынды. Бұған қоса, ауыл жастарының сұранысын қанағаттандыру үшін донер мен өзге де фаст-фуд тағам түрлерін дайындайтын шағын аппараттар қосылды. Қаражаттың тағы бір бөлігі ауылдағы орталық трансформатордан наубайханаға дейін жоғары кернеулі жеке электр желісін тартуға жұмсалған.

Заманауи құрылғылар адамның қол еңбегін едәуір жеңілдеткен. Бұрын сағаттап қолмен қамыр илеу мен жаюға, өнімді бірдей көлемде кесіп дайындауға кететін алтын уақыт қазір бірнеше есеге қысқарған. Өндірістегі қауіпсіздік жағы да ескерілген.

Бүгінде наубайхананың өнімдері тек нан мен қарапайым бәліштен әлдеқайда көбейе түскен. Тіпті, қаптамасында «Еркеден» деген фирмалық белгісі бар өнімдері де айналымға шыққан. Етті тағамдарға қажетті өнімнің тазалығына да ерекше мән беріледі. Ет – базардан емес, өздерінің қосалқы шаруашылығынан.

– Қазіргі таңда 25-30-ға жуық түрлі өнім дайындаймыз. Күніне қырық-елу бәліш, жиырма шақты донер әзірлейміз. Тұшпараны да жасаймыз. Әр өнімнің көлемін тұтынушылардың күнделікті сұранысына қарай икемдеп, реттеп отырамыз. Әзірге өнімдерімізбен тек өз ауылымызды қамтып отырмыз. Бірақ, алдағы уақытта өнім түрлерін одан әрі көбейтіп, сұраныс артып жатса, көршілес елдімекендерге де жеткізуді басты мақсат етіп қойдық, – дейді Толғанай Уәлибекова.

Теректі тынысына қан жүгірткен

Шағын кәсібінің тасын өрге домалатып, Теректінің тынысына қан жүгірткен Асқардың алға қойған арман-мақсаттары мұнымен шектелмейді. Наубайхана мен дүкеннің жұмысын бір жүйеге түсіріп, ел алғысына бөленген отағасы ендігі кезекте ауыл іргесіндегі «Нәби» қыстағын өз қолына алып, шаруашылықтың көкжиегін одан әрі кеңейтуге білек сыбана кіріспек. Теректінің таңымен таласа оянып, елдің несібесін еселеп, ата кәсіптің отын маздатып отырған осындай еңбек адамдары барда қазақ ауылының қазаны ешқашан ортаймайды. Еңбекке сүйенген елдің еңсесі қашанда биік бола бермек!

Суреттер кейіпкердің жеке мұрағатынан

• ДАЛА ДИДАРЫ

Болсайшы қожалықтың бәрі осындай!

Ақтоғай ауданының орталығынан 60 шақырымдай жерде Ордабек қыстағы бар. Бұл қыстақ Қызыларай ауылдық округіне қарасты. Бір қарағанда, қыстақ деуге аузың бармайды екен. Тау етегіндегі шағын елдімекеннің түнде де жарығы самаладай жанып, байланыс пен интернеті үздіксіз жұмыс істеп тұр. Жаңадан бой көтерген ақ үйлер, еңселі қора-қопсылар мен қамбалар бірден көзге түседі. Осыдан бірнеше жыл бұрын кәсіпкер, осы өңірдің тумасы Ержан Нұртазин «Ерасыл» шаруа қожалығын құрып, иен жатқан далада Ордабек қыстағының негізін қалаған еді. Содан бері мұнда тіршілік жанданып, шаруашылықтың ауқымы кеңейе түсті. Бүгінде қожалық ауыл шаруашылығын өркендетуге, жергілікті жердің өндірістік әлеуетін арттыруға және ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтуға елеулі үлес қосып келеді.



Ержан Нұртазин мен Нұрсұлтан Мәнен

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байлық емес, береке жинаған

«Ерасыл» шаруа қожалығы аймақтағы іргелі әрі ілгері дамып келе жатқан шаруашылықтардың бірі. 2019 жылы иен жатқан иесіз аумақты Ержан Нұртазин өз күшімен игеріп, шаруашылықтың негізін қалады. Әуелде мұнда елдімекенмен байланыстыратын жол да, электр жарығы мен интернет желісі де болмаған. Шаруа қожалық жетекшісі қыстаққа қатынайтын жолды өз қаражаты есебінен салған. Электр желісі мен интернет байланысын да өз есебінен тартыпты.

Шаруашылықтың алғашқы қадамы мал өсіруден басталған. Аз-аздан мал басын көбейтіп, қора-жай тұрғызыпты. Уақыт өте келе, егін шаруашылығын да қолға алып, кәсіптің ауқымын кеңейтіпті. Бүгінде шаруашылықта оннан астам ауыл азаматы тұрақты еңбек етіп, нәпақасын осы жерден тауып отыр. Ержан Нұртазин жұмысшыларына жоғары жалақы төлеп, жыл сайын қысқы соғымын да үлестіруді дәстүрге айналдырған. Қыстақ басынан жұмыскерлеріне жаңа үй салып, жағдайын жасаған. Баспана ішіне енсеңіз, ауылдағы қарапайым тұрмыстан гөрі қаланың қолайлылығын көресіз. Әр үйге ауызсу кіргізіліп, санитарлық тораптар да қарастырылған. Сонымен қатар, келімді-кетімді қонақтарға арнап, жеке үй салуды да ұмыт қалдырмапты.

– Қазіргі таңда екі қыстағым бар. Оның бірі – жайлау. Жаз бойы ірі қара мал сол жақта жайылады. Қараша айының ортасында сиырларды бөліп, тайыншаларды бордақыға қоямыз. Қожалықтың негізгі бағыты – ет және егін шаруашылығы. Егін алқабына негізінен арпа мен бидай егеміз. Жер жырту, тұқым себу, егінді күтіп-баптау және астық жинау жұмыстарының барлығы заманауи техникалардың көмегімен атқарылады. Қазіргі таңда 400 гектар жерім бар. Биыл гектарына 20 центнерден өнім алдық. Алғашқы жылдары өнім көлемі 45-50 центнерге дейін жеткен. Алдыңғы жылы бидай бітік шығып, жиналған өнімнің барлығын «Сарыарқа нан» кәсіпорнына өткіздік. Енді егіс алқабын одан әрі ұлғайтқым келеді. Алайда, әзірге бос жер жоқ. Алдағы уақытта қосымша жер алып, екпе шөп өсіруді жоспарлап отырмын. Өйткені, қазір мал азығының тапшылығы сезіледі. Осы мәселені шешу үшін жемшөп қорын өзіміз қалыптастыруымыз керек, – дейді Ержан Нұртазин.

2024 жылы Қарағанды облысының аграршылары қамбаға 1 миллион 300 мың тонна астық құйып, 400 мың тонна картоп жинаған. Бұл өңірдің ауыл шаруашылығы тарихындағы рекордтық көрсеткіш болып тіркелген. Аталған толайым табысқа «Ерасыл» шаруа қожалығының да қосқан үлесі де аз емес. Сол жылы шаруашылықтың жұмысы жоғары бағаланып, қожалық жетекшісі Ержан Нұртазинді арнайы марапатқа ұсыну туралы шешім қабылданады. Алайда, ол бұл құрметті өзі емес, жұмысшыларын лайық деп санап, марапатқа комбайншы Мәулен Бекмағанбетовті ұсынады. Нәтижесінде, адал еңбегімен көзге түскен Мәулен Бекмағанбетов «Үздік комбайншы» атанып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен марапатталады.

– Бұл шаруа қожалығын ашуыма ұлымның бір ауыз сөзі себеп болды. Ол кезде ұлым кішкентай еді. Бірде: «Әке, неге біздің ауылымыз жоқ?» деп сұрады. Баламның осы сөзі маған үлкен ой салды. Содан кейін 2019 жылдан осы іске кірістім. Бүгінде ұлым 11-сыныпта оқиды. Ал, комбайншы Мәулен шаруашылықта 2020 жылдан бері еңбек етіп келеді. Комбайн жүргізу, қыс мезгілінде қар тазалау жұмыстары соның жауапкершілігінде. Негізі, өзімнің жеке компаниям бар. Мәулен сол жерде механизатор. КамАЗ көлігін де жүргізеді.

Бір кездері осы аумаққа Beeline байланыс мұнарасын орнату үшін арнайы тендер ойнатылып, оны бір компания ұтып алған екен. Алайда, электр қуатының болмауына байланысты жоба жүзеге аспай қалған. Мәселені шешу үшін өз қаражатыма кабель сатып алып, байланыс мұнарасын электр қуатымен қамтамасыз ету мақсатында желіні қыстақ арқылы тарттықыздым. Соның нәтижесінде бүгінде екі ауыл қызығын көріп отыр. Бүгінгі жеткен жетістігімнің бәрі – жұмысшыларымның арқасы. Негізгі еңбекті атқарып жүрген де – солар. Сондықтан қандай марапат болса да, соған ең алдымен қызметкерлерім лайық деп есептеймін. Олардың маңдай тері мен адал еңбегін әрдайым бағалаймын, – дейді Ержан Жәмелұлы.

> **Қожалықтың негізгі бағыты – ет және егін шаруашылығы. Егін алқабына негізінен арпа мен бидай егеміз. Жер жырту, тұқым себу, егінді күтіп-баптау және астық жинау жұмыстарының барлығы заманауи техникалардың көмегімен атқарылады. Қазіргі таңда 400 гектар жерім бар. Биыл гектарына 20 центнерден өнім алдық. Алғашқы жылдары өнім көлемі 45-50 центнерге дейін жеткен Алдыңғы жылы бидай бітік шығып, жиналған өнімнің барлығын «Сарыарқа нан» кәсіпорнына өткіздік.**

Қамбасы дәнге, даласы мәнге толы

Бүгінде шаруашылық иелігінде төрт КамАЗ, екі комбайн, бес тракторы бар. Одан бөлек, егін егуге, жер өңдеуге және мал азығын тасымалдауға арналған түрлі ауыл шаруашылығы агрегаттары да сақадай сай.



– Егін егуде барлық қажетті технологияны пайдаланамыз. Тұқымды дәрілеп, дақылдарды түрлі зиянкестерден қорғау шаралары уақытылы жүргізіледі. Топырақты өңдеу жұмыстарына да ерекше мән береміз. Ал, ылғал мәселесіне келсек, көктемде топырақтағы ылғалды сақтап қалу әдісін қолданамыз. Бұл, әсіресе, жауын-шашын аз жылдары егіннің шығымын төмендетпеуге көп көмегін тигізеді, – дейді шаруашылық жетекшісі.

Мал бордақылау ісін де жүйелі жолға қойған. Қазіргі уақытта әрқайсысы 160 басқа арналған үш бордақылау қорасы бар. Былтыр 160 бас бұқаны бордақылап, Балқаш қаласындағы ет комбинатына көтерме бағамен өткізіпті.

Шаруашылықтың күнделікті тыныс-тіршілігі мен жұмысының жүйелі жүруіне жауапты азаматтардың бірі – Нұрсұлтан Мәнен. Өзі 2019 жылдан бері «Ерасыл» шаруа қожалығында еңбек етіп келеді. Бүгінде шаруашылық меңгерушісі. Қызыларай ауылының тумасы болғанымен, қазір қыстақ пен ауылдың арасында қатынап жұмыс істеп жүр.

– Әрқайсымыздың жеке көлігіміз бар. Өзім Қызыларай ауылында тұрамын. Күн сайын қыстаққа қатынап жұмыс істеймін. Ержан Жәмелұлы осыдан бірнеше жыл бұрын ауылдан маған арнап үй салып берді. Ауыл азаматтарын қамқорына алып, жағдайын жасап беріп отырған осындай жанға айтар алғысымыз зор. Шаруашылықта мал күтімі мен жемшөп дайындау жұмыстары жолға қойылған. Шөп шабу, малдың жай-күйін бақылау, жем мен арпа қорын әзірлеу – күнделікті атқарылатын негізгі міндетіміз. Мұнда төрт түлік малдың барлығы өсіріледі. Қараша айының ортасында сиырларды қыстаққа әкеліп, бөлеміз. Бордақылауға қойылатындарын іріктеп, алты ай бойы байланады. Мал бордақылаудың да өзіндік тәртібі бар. Алғашқы күні әр басқа екі келіден кебек беріп бастасақ, кейін бидай мен кебекті араластырып, азық мөлшерін біртіндеп 6-12 келіге дейін ұлғайтамыз. Ең бастысы, жемді күн сайын белгіленген уақытта беру қажет. Жемдеу тәртібі бұзылса, малдың салмақ қосуы да баяулайды. Сондықтан, әрқайсысының жай-күйін жіті бақылап отыру шарт. Мал күтімімен бес адам айналысады. Әрқайсымыздың өз міндетіміз бар. Техникаларды да өзіміз жүргізіп, қажет болған жағдайда жөндейміз де. Мәселен, мен тракторларға жауаптымын. Бұзылған жағдайда өзім жөндеп аламын. Ал, шөп шабу науқанында төрт трактор қатар жұмыс істейді. Оның екеуі шөп шауып, қалған екеуі жинайды. Бір қысқа шамамен екі мың рулон шөп дайындаймыз. Бұл малдың қыстан қысылмай шығуына жеткілікті, – дейді Нұрсұлтан Мәнен.

Арпа, бидай ас екен...

Биылғы егін науқанында шаруашылық қоймасына 250 тонна бидай жеткізіліпті. Оның 100 тоннасы бүгінде сатылып үлгерген. Қалған өнім – қамбада. Егінді өсіруден бастап, оны жинау, тазалау, сұрыптау және сатуға әзірлеу жұмыстарына дейін өздері атқарады.

– Орылған бидай мен арпаны алдымен қамбаның алдына жеткізіп, сонда төгеміз. 15 тонналық КамАЗ күніне үш мәрте астық тасиды. Одан кейін өнімді арнайы астық лақтырғыш техниканың көмегімен үш рет жел қақтырамыз. Сонда дәннің арасындағы сабан, шаң-тозаң мен өзге де қалдықтар бөлініп, таза астық қалады. Жел қақтыру барысында дәннің артық ылғалы шығып, жақсылап құрғайды. Соның нәтижесінде астықтың сапасы жақсарып, салмағы да артады. Ал, тазалау кезінде бөлінген қалдықтарды арнайы аппаратпен тартылады. Оны кебек ретінде дайындап, бордақыдағы малға жем ретінде пайдаланамыз. Былтыр осындай жолмен бес тонна кебек жинап, түгелдей өз қажетімізге жараттық. Бізде ештеңе ысырап болмайды, – дейді Нұрсұлтан Айдосұлы.

Бірлігі бекем, тірлігі көркем «Ерасыл» шаруа қожалығының бүгінгі тыныс-тіршілігі осындай. Құрылғанына көп уақыт өте қоймаса да, аз жылдың ішінде ауыз толтырып айтарлықтай жұмыс атқарып, аяғынан нық тұрған шаруашылыққа айналды. Мұның барлығы, ең алдымен, Ержан Нұртазиннің табанды еңбегі мен іскерлігінің нәтижесі. Ел ішінде абыройға ие. Айналасына сыйлы. Қол ұшын сұраған жанға көмектесіп, жолынан жығылған емес. «Өзім болдым, өзім толдым» деген жоқ. Бәлкім, бүгінгі береке мен ырыстың бастауы да осындай кең пейіл мен ақ ниетте жатқан шығар...

> **Бұл шаруа қожалығын ашуыма ұлымның бір ауыз сөзі себеп болды. Ол кезде ұлым кішкентай еді. Бірде: «Әке, неге біздің ауылымыз жоқ?» деп сұрады. Баламның осы сөзі маған үлкен ой салды. Содан кейін 2019 жылдан осы іске кірістім. Бүгінде ұлым 11-сыныпта оқиды. Ал, комбайншы Мәулен шаруашылықта 2020 жылдан бері еңбек етіп келеді. Комбайн жүргізу, қыс мезгілінде қар тазалау жұмыстары соның жауапкершілігінде. Негізі, өзімнің жеке компаниям бар. Мәулен сол жерде механизатор. КамАЗ көлігін де жүргізеді.**

Ақтоғай ауданы

Суреттерді түсірген автор





• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ

Нұраның нық қадамы

Нұра ауданында өнеркәсіп саласын дамытуға бағытталған ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда: экономиканы әртараптандыру, өндірістік әлеуетті арттыру және жаңа жұмыс орындарын ашу бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтқанда, өңірдегі инвестициялық жобаларды іске асыру аясында Ахмет ауылында жалпы құны 4 миллиард теңгеден асатын «Бірлік Нұра» және «ПромКирпичKZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктеріне қарасты кірпіш зауыттарының құрылысы жүргізілуде. Сөз болып отырған жобалар өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін арттыруға, құрылыс материалдарын өндіру саласын дамытуға және жергілікті өндірістің мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде 110 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда. Бұл – ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтуға, халықтың табысын арттыруға және жергілікті экономиканың дамуына оң ықпал ететін маңызды бастама. Сонымен қатар, жаңа өндіріс орындарының іске қосылуы ауданның инвестициялық тартымдылығын арттырып, отандық өнім өндірісін ұлғайтуға және құрылыс саласының қажеттілігін жергілікті өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бүгінде инвестиция тарту мен жаңа өндіріс орындарын ашу – өңірдің тұрақты дамуының маңызды бағыттарының бірі. Мұндай жобалар ауылдардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін нығайтып, адам капиталын күшейтудің жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады.

Инвестиция – экономикалық өсудің, жаңа жұмыс орындарын құрудың және ауылдың жарқын болашағының негізі!

Нұра ауданы

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТАҒЗЫМ

Өшпейтін із, өлмейтін өнеге

Адам ғұмырының ұзақтығы жылдармен өлшенгенімен, оның мәні соңында қалдырған ізімен бағаланса керек. Біреулер өмірден үнсіз өтеді. Енді бірінің жүріп өткен жолы тұтас бір дәуірдің шежіресіне айналады. Сондай азаматтардың бірі – саналы ғұмырын туған жерінің тағдырымен тоғыстырған, Шет ауданының Құрметті азаматы Алпысбай Мұқашұлы еді. Сексен жылдық ғұмырында ел ісінің бел ортасында жүріп, талай кезеңнің куәсі болған абзал азамат 2026 жылдың 14 қазанында 81 жасқа қараған шағында бақиға озды.



Ол 1945 жылдың 27 қарашасында қарапайым колхозшы шаңырағында өмір есігін ашты. Бұл соғыстан кейінгі ел еңсесін тіктеп, жұрт ертеңге үміт артқан қиын кезең болатын. Балалықтың бал дәуренін тұрмыс тауқыметі ерте есейткен Алпысбай он бір жасында анасынан айырылды. Әке тәрбиесінде өсті. Жамбылұлы Мұқаштың еңбекке баулыған өнегесі, өмірдің ыстық-суығына төзімді болуға үйреткен тәлімі кейін оның азаматтық болмысының өзегіне айналды. Бәлкім, сол жылдардың сабағы шығар, ол өмір бойы еңбекті биік қойып, жауапкершілікті бәрінен жоғары санады.

Ауылдан арман қуып шыққан талапты жас 1962 жылы Қарағанды педагогикалық институтының студенті атанды. Бес жылдан кейін «физика-химия» мамандығын алып шықты. Бірақ, оның студенттік өмірі тек дәрісхана мен кітапхана арасында өткен жоқ. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, комсомол ұйымының хатшысы, кәсіподақ ұйымы Президиумының мүшесі болды. Сол кездің өзінде ұйымдастырушылық қабілетімен, көпшілікпен тіл табыса білетін қасиетімен ерекшеленді.

1967 жыл. Қолына дипломын алған жас маман жолдамамен Шет ауданына келді. Мұғалімдік мамандық иесі болғанымен, еңбек жолын аудандық оқу бөлімінің инспекторы қызметінен бастады. Бұл оның өміріндегі үлкен жауапкершіліктің алғашқы баспалдағы еді. Үш жыл осы салада еңбек еткен соң аудандық мәдениет бөлімін басқарды. Одан кейін партия комитетінің нұсқаушысы, аудандық кәсіподақтар комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды.

Қызметтің үлкені мен кішісі болмайды. Оны абыроймен атқару бар. Алпысбай Мұқашұлы осы ұстанымнан айныған жоқ. 1980-1992 жылдары аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі, партиялық бақылау комиссиясының төрағасы қызметтерін атқарған тұста өңірдің қоғамдық-саяси өміріндегі талай маңызды іске араласты. Адамдармен жұмыс істеудің, ел ішіндегі мәселелерді шешудің, ұйымдастыру ісінің мол тәжірибесін жинақтады.

Тоқсаныншы жылдардың тоқырауы талай тағдырды сынға салғаны белгілі. Елдің саяси жүйесі өзгерді. Басқару құрылымдары жаңарды. Бұрынғы қалып бұзылып, жаңа кезең басталды. Осындай өтпелі уақытта да Алпысбай Мұқашұлы ел қызметінен қол үзген жоқ. Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесінде аудан әкімінің жалпы бөлімінің меңгерушісі, аппарат жетекшісі, аппарат басшысы, кейін аудан әкімінің көмекшісі, кеңесшісі болды. Оның еңбек жолы Шет өңірінің бірнеше онжылдық тарихымен сабақтасып жатыр. Бұрынғы Жезқазған облысына қатысты әкімшілік өзгерістер, Ақадыр мен Шет аудандарының бірігуі секілді күрделі ұйымдастыру жұмыстарының басы-қасында жүрді. Мұндай кезеңде тәжірибе ғана емес, сабыр мен салмақ, елдің жайын түсінетін парасат қажет еді. Алпысбай Мұқашұлы осы қасиеттерді бойына тоғыстыра білді.

Оның болмысындағы ең басты ерекшелік – қарапайымдылығы еді. Қызметте талапшыл, іске келгенде тиянақты, адамдармен қарым-қатынаста кішіпейіл болатын. Партиялық мектептен өткен тәжірибелі басшы ретінде тәртіп пен жауапкершілікті берік ұстанды. Алайда, лауазымын алға тартып, кісілік қалпынан айныған емес. Үлкеннің алдынан кесіп өтпей, кішінің көңілін қалдырмауға тырысты. Қызметтік беделінен гөрі адамдық абыройын қымбат санады. Алпыс Мұқашұлы Марс Төлеуқұлов, Жанат Жұқанов, Серік Мұстафин сынды аға буын өкілдерімен бірге ел үшін ерен қызмет еткенін атап өту – парыз.

Еңбектің еленгені – елдің бағасы. 2020 жылы Алпысбай Мұқашұлына «Шет ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді. Бұл бір күндік қызметтің емес, ондаған жыл бойғы адал еңбектің өтеуі еді. Оның марапаттары қатарында 1964 жылы алған «Тың жерлерді игергені үшін», 1980 жылғы «Еңбектегі ерен еңбегі үшін» медальдары бар. Ал, 2026 жылдың 26 ақпанында есімі «Қазақстанның Алтын кітабына» ресми түрде енгізілді. Ғұмырының соңғы жылында көрсетілген бұл құрмет те елге сіңірген еңбегінің ескерусіз қалмағанын аңғартады.

Адамның қоғамдық өмірдегі орны бір бөлек те, отбасындағы орны бір бөлек. Алпысбай Мұқашұлы сыртта ел ісіне жауапты азамат болса, шаңырағында аяулы жар, ардақты әке, мейірімді ата еді. Жұбайы Алтын Жүнісбекқызымен бірге ұрпақ өсіріп, үлкен әулеттің берекесін қалыптастырды. Балалары жоғары білім алып, бүгінде еліміздің түрлі саласында еңбек етіп жүр. Әке өнегесінің жалғасқаны да осы болса керек.

Сексен жылдық ғұмыр. Оның қырық жылдан астамы туған жердің қызметінде өтті. Бір қарағанда, бұл – өмірбаяндағы жылдар мен қызметтердің тізбегі ғана. Ал, шын мәнінде, сол жылдарда елмен бірге кешкен кезеңдер, жауапкершілігі мол күндер, атқарылған істер мен азаматтық ұстаным жатыр.

Уақыт ешкімді күтпейді. Кеше ғана ортамызда жүрген, елдің өткенін де, бүгінін де жақсы білетін азамат енді естеліктерде қалды. Бірақ, адам өмірінің жалғасы тек жасалған істе емес, соңынан ерген ұрпақтың жадында, көзкөргендердің көңілінде сақталатын жақсы атында болса керек. Алпысбай Мұқашұлының да соңында сондай жақсы аты, елге сіңірген еңбегі, өнегелі өмір жолы қалды. Оның жарқын бейнесі жұбайы Алтын Жүнісбекқызының, балалары мен немерелерінің, туған-туыстарының, көзкөргендердің жүрегінде мәңгі сақталмақ.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Қайыржан ТІЛЕУБЕРГЕНОВ

Құрметті ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекжат, дос-жаран және әкеміздің көзін көрген барша жамағат! Сіздерді асқар тау әкеміз **Алпысбай Мұқашұлы Мұқашевтің** рухына бағышталған 40 күндік асына шақырамыз. Ас 2026 жылдың 22 қарашасында Ақсу-Аюлы ауылындағы «Сұлтан» мейрамханасында сағат 13:00-де беріледі.

Ас берушілер: **жұбайы, балалары**.

№376

Мәдениет ауладан басталады

Әдетте аулада тәртіп бұзылса, полиция шақырамыз. Жарық сөніп, ойын алаңы бүлінсе, әкімдікке шағымданамыз. Ал, сол ауладағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тұрғындардың өздері қаншалықты атсалысады? Қарағандыда қолға алынған «Қауіпсіз аула» бастамасының түпкі мәні осы сауалмен сабақтас. Өйткені, тыныштықты тек талап етумен орнату қиын. Оны сақтауға да ортақ жауапкершілік керек.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазыбек би ауданы әкімінің аппаратының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында 45-орамда «Қауіпсіз аула» профилактикалық шарасы ұйымдастырылды. Тұрғындармен қоғамдық тәртіпті сақтау, құқықбұзушылықтың алдын алу, қауіп төнген жағдайда тиісті органдарға хабарласу мәселелері талқыланды.

Әлбетте, заңды сақтау, тәртіп бұзбау, өзгенің тыныштығына қол сұқпау – бәріне белгілі талап. Бірақ, мәселе сол талаптарды білуде емес, орындауда болып тұр.

Қоғамдық қауіпсіздікке қатысты жұмыстың ауқымы мұндай кездесулермен шектелмейді. Биыл Қарағандыда полиция, прокуратура, әкімдік өкілдері, мәслихат депутаттары мен белсенді жастардың қатысуымен ауқымды рейд өтті. Жиырма топқа бөлінген қатысушылар Қазыбек би және Әлихан Бөкейхан аудандарындағы 100-ден астам пәтерді тексерді.

Рейд барысында Әлихан Бөкейхан ауданында кәмелетке толмаған балалардың үйде қараусыз қалғаны анықталды. Полиция олардың анасымен профилактикалық әңгіме жүргізді. Ал, қалалық мәслихат депутаты Равиль Садықов отбасын жеке бақылауына алып, балаларды балабақшаға орналастыруға жәрдемдесетінін жеткізді.

Бұл оқиғаның астарында елеулі мәселе жатыр. Құқықбұзушылықтың алдын алу үшін ескерту жасаудың өзі жеткіліксіз. Отбасының тұрмыстық жағдайын зерделеп, әлеуметтік қолдау көрсету қажеттілігі туындайды. Демек, қауіпсіздік мәселесін тек полицияның құзыретіне қалдыруға болмайды.

Қарағандыда отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға да назар аударылып отыр. Қыркүйекте Отбасына көмек көрсету бірыңғай орталығында мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың қатысуымен өткен жиында құқықбұзушылықтың салдарымен күресуден гөрі, оған жеткізетін себептерді ерте анықтау маңызды екені айтылды.

Қауіпсіздік көшедегі тәртіппен ғана өлшенбейді. Оның отбасындағы қарым-қатынасқа, азаматтардың бір-біріне деген көзқарасына да қатысы бар.

Қарағанды қаласының Қоғамдық кеңесінің мүшесі Малика Күсенбаеваның айтуынша, 2027 жылы Қазыбек би және Әлихан Бөкейхан аудандарында «Қауіпсіз аула» жобасының ауқымын кеңейтіп, тұрғындардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуын арттыру көзделіп отыр.

Әйткенмен, бастаманың нәтижесін өткізілген шаралардың санымен бағалау аздық етеді. Тұрғындар көтерген мәселе шешімін тапты ма? Қауіп туғызатын жағдайлар дер кезінде анықтала ма? Шағым айтқан азаматтың дауысы жауапты мекемеге жете ме? Негізгі өлшем осы болса керек.

Қаладағы әр аула – шағын қоғам. Ондағы тәртіпке полиция жауап бергенімен, тыныштығына тұрғындар да мүдделі. Біреудің құқығын бұзбау, ортақ мүлікке ұқыпты қарау, қауіпті жағдайға немқұрайды қарамау – азаматтық мәдениеттің көрінісі.

ҚАРАҒАНДЫ


Сурет автордан

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Қыста қалтырамайды

Теміртау қаласында Мичурин көшесі бойындағы «Мука-Сахар» ЖК-сынан (Қарағанды көшесі) бастап, ТП-34-ке дейінгі 3-жылу магистралінің жылу желілерін жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл шаруаға тапсырыс беруші «Теміртау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі де, оны орындайтын бас мердігер «TOLAGAI GLOBAL» ЖШС болып табылады.

Техникалық қадағалауды «Amir Construction» ЖШС жүзеге асырып, оны жобалаған «Павлодарэнергопроект» ЖШС.

Осы жұмыстар шартының жалпы сомасы – 6,133 млрд теңге болса, кешегі күнге дейін содан игерілген қаражат – 5 183 231 мың теңгені құрайды.

2025-2026 жылдарға белгіленген бұл жобаның орындалуы 97 пайызға жеткен.

Жаңғыртылатын жылу желілерінің жалпы ұзындығы – 4 138,4 м.

– Құрылыс жұмыстары осы 2026 жылдың желтоқсан айында толық аяқталады, – дейді Теміртау қалалық ТКШ және ЖК мен АЖ бөлімінің басшысы Қанат Хасенов.

Аталған жобаны іске асыру қаланы жылумен жабдықтаудың сенімділігі мен үздіксіздігін арттыруға бағытталған және 34 669 абонентті қамтиды.

Жобаны қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ, «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жүзеге асырылып отыр.

Өткен 2025 жылы жылу магистралінің шамамен 1,6 км учаскесінде реконструкция жұмыстары орындалса, қазіргі уақытта сол бойынша барлық жұмыстар аяқталып, жылу трассасының тұтастығы қамтамасыз етіліп, пайдалануға тапсырылды.

Монолитті темірбетон тіректерін орнату және бетондау жұмыстары толық көлемде, яғни 100 пайыз орындалды.

Енді абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, асфальт пен брусчатка төсеу және жол жиектастарын орнату жұмыстары атқарылуда.

ТЕМІРТАУ

Сурет Теміртау қаласы әкімдігінің баспасөз қызметінен

Жаңалық әрқашан жаныңызда!
https://ortalyq.kz/

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

к

ӘДІЛЕТ

АУЫЛДЫҢ АЖАРЫ – ЕЛДІҢ БАЗАРЫ!

МӘСЛИХАТ САЙЛАУЫ 2026

Дайындаған: «Әділет» партиясының Қарағанды облыстық филиалының баспасөз қызметі.
Тапсырыс беруші: Б.Қ. Алтынбеков. Төлем «Әділет» партиясы қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық мәслихаты депутаттарының сайлауында партиялық тізімді ұсынған сайлау қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылды.

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Әннен шашу шашылды

«Зерде» ақпараттық жылжымалы мәдени-сауық кешені Ақтоғай ауданында шығармашылық сапармен барды. Шығармашылық ұжым ауданның бірқатар елдімекенінде «Елге шашу» атты концерттік бағдарламасын ұйымдастырды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Үш күнге созылған шығармашылық сапар барысында өнерпаздар Нұркен, Сарытерек, Қуаныш, Қараменде би, Қызыларай, Шабанбай би, Сәуле және Жалаңаш ауылдарына барды.

Концерттік бағдарлама аясында дәстүрлі әндер, эстрадалық шығармалар мен аспаптық туындылар орындалып, ұлттық өнердің озық үлгілері насихатталды.

Шығармашылық сапар барысында ауыл әкімдері мен тұрғындар өнерпаздарға алғыс білдіріп, ұжымға Алғыс хаттар табыстады. Сонымен қатар, ізгі тілектерін жеткізіп, мәдени шараның ауыл өміріндегі маңыздылығын атап өтті.

Облыстық мәдениет пен өнерді дамыту орталығының көркемдік жетекшісі Сұлтан Ерланұлы мұндай шығармашылық сапарлардың мәдениетті дамытуда атқарар рөлі орасан екенін атап өтті.

– «Зерде» ақпараттық жылжымалы мәдени-сауық кешенінің бұл сапары ауыл тұрғындарының мәдени-рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға, ұлттық өнерді дәріптеуге және өнер мен көрермен арасындағы байланысты нығайтуға бағытталды. Өнер – елдің рухани қазынасы. Осындай шығармашылық кездесулер шалғай елдімекендердің мәдени өміріне серпін беріп, ұлттық құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуына ықпал етеді, – деді Сұлтан Ерланұлы.

Сурет ұйымдастырушылардан

• КЕЗДЕСУ

Ғибратты ғұмырдың шуағы

Қарағанды қаласы орталықтандырылған кітапханада Бауыржан Момышұлы кітапханасының ұйымдастыруымен Алаш қайраткері, заңгер, Алашорда үкіметінің мүшесі, қазақтан шыққан тұңғыш құқықтану магистрі Жақып Ақбаевтың туғанына 150 жыл толуына орай «Алаштың арда туған арысы» атты кездесу-конференция өтті. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның мәдениет қайраткері, Қазақстанның Құрметті журналисі, «Парасат» орденінің иегері, Қарағанды облысының Құрметті ардагері, Облыс әкімінің «Алтын сұңқар», «Алтын жолақ» сыйлықтарының иегері Сүйіндік Жанысбай құрметті мейман болды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу-конференция екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімі «Алаштың айбынды тұлғасы – Жақып Ақбаев», екінші бөлімі «Ұлт қайраткерінің тағылымды жолы» деп аталды.

Тағылымды кештің мақсаты – жас ұрпақтың санасына азаматтық ұстаным қалыптастыру, Жақып Ақбаевтың мұрасымен таныстырып, өмірі мен шығармашылығын кеңінен насихаттау.

Сүйіндік Жанысбайдың биыл жарыққа шыққан «Алаш арысы Ақбаев» атты кітабының таныстырылымы өтті. Ол – кейінгі жылдары «Алаш арыстары» тақырыбында қалам тербеп жүрген жазушы. Былтыр «Әлемге әйгілі Әлихан» деп аталған деректі шығармасы оқырманға жол тартқан еді. Ал, бұл еңбек қазақтың тұңғыш заң магистрі, Алашорданың құқықтық негізін қалаған және прокуроры болған Жақып Ақбаевтың ғұмырын қамтыған.

– Жақып Ақбаев – қазақ халқының тарихында айрықша орын алатын тұлға. Сол себепті де ол туралы толғанып, өнегелі ғұмырын жас ұрпаққа насихаттау – перзенттік борышым деп есептеймін. Бұл еңбекті жазу көп жылдар бойы ойымда жүрді. Жақып Ақбаев турасындағы естеліктер мен жазбаларға сүйенсек, ойындағысын бүкпей айтатын мінезі тік азамат болыпты. Әділетсіздік орнаған жерде үнсіз тұра алмаған деседі. Өмір жолындағы қызықты да қиын кезеңдер кітапта қамтылған, – деді автор.

Жақып Ақбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің жанынан құрылған «Шабыт» ансамблі күйден шашу шашты. Қаламгерге сұрақтар қойылды. Оқушылар мен қаламгер арасында еркін сұхбат өрбіді.

Екінші бөлімінде мектеп оқушылары «Ұлт қайраткерінің тағылымды жолы» тақырыбында оқырмандарға зерттеу жұмыстарын таныстырды. Мектеп қабырғасындағы жас ақындар Жақып Ақбаевқа арнаған өлеңдерін оқыды.

Сурет автордан

• КЕШ

Қоңыр үн һәм классика

Қазақтың рухани қазынасында күй өнерінің орны айрықша. Ғасырлар алмасып, заман жаңарғанымен, бабадан жеткен қоңыр үн өзінің табиғи болмысын жоғалтқан емес. Қайта уақыт өткен сайын тың тыныс алып, ұлттық музыка өнерінің көкжиегін кеңейтіп келеді. Күні кеше «Шалқыма» концерт залында Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптары оркестрінің «Күйден классикаға дейін» атты әсерлі кеші өтті. Ұжым бұл жолы қазақтың дәстүрлі күйлерін әлемдік классикалық туындылармен сабақтастырып, ұлттық аспаптардың жаһандық жауһарларды да әуелете алатынын дәлелдеді.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»



Кештің басты ерекшелігі – шығармалардың жай ғана тізбектелмей, белгілі бір тарихи-музыкалық желімен ұсынылуында. Бағдарлама шымылдығы Қорқыттың «Қоңыр» күйімен түрілді. Одан әрі Құрманғазының «Терісқақпайы» мен Тәттімбеттің «Саржайлауы» орындалды. Тәтекеңнің «Саржайлауы» сарнағанда, көз алдыңа көкмайсаға оранған кең жайлау, ауыл сыртындағы мамыражай тіршілік елестейді. Ал, Кетбұғаның «Ақсақ құлаңы» тыңдарманды күй тілімен өрілген аңыз бен тарихтың тереңіне жетеледі.

Оркестр орындауымен қатар, жеке күйшілер де өнер көрсетіп, көпшілікке Еспайдың «Терісқақпайын», Байжігіттің «Келіншегін», Төлеген Момбековтің «Салтанатын» тарту етті. Сонымен қатар, Қошқарбек Тасбергеновтің «Сыр Ақжелеңі» мен Қаршыға Ахмедияровтың «Қосбасары» күй керуенін одан әрі жалғады.

Кеште ән мен опера жанры да тыс қалған жоқ. Халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты Рысты Рахымжан Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсынан «Ажардың ариясын» оркестр сүйемелдеуімен нақышына келтіре орындады. Ал, Бердәулет Тұрсынбай Әлібі Әбдінұрдың «Аққу домбыра» әнін және Джоаккино Россинидің «Тарантелласын» шырқап, көрермен ықыласына бөленді.

Концерттің екінші бөлімінде кезек әлемдік классикаға тиді. Әдетте симфониялық оркестрдің орындауында естілетін туындылар бұл жолы домбыра, қобыз, сырнай және өзге де халық аспаптарының үнімен әрленді. Ұлттық аспаптардың тембрі еуропалық шығармаларға соны сипат дарытты. Домбыраның ширақ ырғағы мен қобыздың созылыңқы қоңыр сарыны бірін-бірі толықтырып, оркестрлік үндестікті байыта түсті.

Бұл кеште оркестрдің бас дирижері, мәдениет саласының үздігі Ерлан Бақтыгерей, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әбдуғалисын Шоқанбаев және халықаралық конкурстардың лауреаты, композитор Әбілқайыр Сағымбаев кезекпен дирижерлік етті. Олардың жетекшілігімен Моцарт, Джузеппе Верди, Лео Делиб, Оливье Метра, Джоаккино Россини және Иоганнес Брамстың танымал шығармалары орындалды.

Ілияс Жансүгіровтің «Күйші» поэмасындағы күйдің бірде қоңыр самалдай есіп, бірде нөсердей төгілетінін суреттейтін жыр жолдары осындайда еріксіз еске түседі. Бұл кеште де әуен тынысы сан құбылып, байыпты күйден ширақ классикаға ұласқан ырғақ тыңдарман назарын бір сәтке де босаңсытқан жоқ.

Сурет филармонияның баспасөз қызметінен

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары **Станислав Альбертович ПЕСНЕВ**
Директордың орынбасары **Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**
Бас редактор **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы **А.Ә. СОВЕТ**
Жауапты хатшы **С.Б. ІЛИЯШ**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 8-701-185-82-14;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 3 140

№126 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерік НАРЫН**